



КӨКЕЙКЕСТІ

XXI ғасырды ғылым мен технологияның қарыштап дамыған дәуірі деп жатамыз. Озық елдер аудан су, желден жарық шығарып, өркениеттің тағы бір кезеңін артқа қалдырып жатыр. Өркениет туралы осындай өркениетті әңгімені Семейдің Комсомол және Ұшақтар кентіндегі тұрғындарға айтып көріңізші, сенер ме екен?! Әй, қайдам!..

Сенбейтіндей жөні бар, өйткені әлгі екі кент тұрғындары 10 жылдан бері не жарыққа, не ауыз суға жарымай отыр. Қазақпарат хабарлағандай, Ұшақтар кентінде 150-ден аса отбасы ауыз суды тасып ішеді. Комсомолдағы жұрт та солай. Тасып ішкен суда береке болсын ба? Осыдан соң, қара суға жарымаған жұртқа өркениет, технология туралы әңгіме қозғаудың өзі қиынсыз. Ал әлгі қос кентте жарықтың жайы, тіпті мүшкіл екен. Қараңғылықтан шаршаған халық көрші ауылдардан зансыз жолмен сым тартып, ток ұрлап көріпті. Токтың күші бірде жетіп, бірде өшіп қала берген соң, амалы таусылған ағайын білте шамды қанағат тұтқан.

Жергілікті әкімдік жылдағы беретін уәдені биыл да үйіп-төгіп отыр. Семей әкімі Ермак Сәлімовтің сөзіне сенсеңіз, он шақты күнде екі кент те самаладай жарқырап, келер жылдың басында мөлдір тамшысы әр үйде сарылдап ағып тұрады. Айтпақшы, мемлекеттік «Ақ бұлақ» ауыз су бағдарламасы қолға алынғанына біраз жыл болып қалды. «Ақ бұлақ» бағдарламасы ауыл-аймақты ауыз сумен қамтамасыз ететін ірі жоба.

Жалпы, қалаға қарайтын қараңғы ауылдың тыныс-тіршілігінен шығыс әкімі Даниал Ахметовтың хабар ма екен?

Жарас КЕМЕЛЖАН

СУСЫЗ, ЖАРЫҚСЫЗ 10 ЖЫЛ



Фото: kaznet

ТЫҒЫРЫҚ

ЖАТЖҰРТТА ҚАЛҒАН ЖӘУТЕҢКӨЗ

Бейбіт күнде жақыныңнан айырылып, опық жегеннен артық қасірет жоқ шығар, сірә?! Соңғы бес-он жылдың көлемінде біреудің мүддесі үшін азат басын аспақ салатын, жанған отқа жалаң қолмен жүгіретін көзсіз «батырлар» пайда болды. Олар жатжұртта әлдебіреудің мүддесі үшін опат болуда. Анығы, «Дін үшін» деген жалаң ұранмен қаруланған бауырларымыз Сирияда от пен оқтың ортасында жүр. Біреулері мерт болып, біреулері із-түссіз, хабар-ошарсыз. Бәрі қазақтың қаракез ұл-қыздары. Жасы, жасамысы, ері мен әйелі аралас. Отқа оранған Сирияның бір бұрышынан қазақтың екі бүлдіршіні туралы ақпарат келіп түсті бізге.



Қарағанды тұрғыны Ғанибет Тәжмағанбетова екі бауырының жатжұртта қалғаны туралы хабарлады. Аға-женгесінен қалған балапандарын іздеп шарқ ұрған қызбен телефон арқылы тілдестік. Астанада екен. Елордаға сыртқы істер министрлігінен көмек сұрай барыпты.

— Ағам мен жанғемнен қалған екі тұяқ қой, Сирияның бір түкпірінде өмір сүріп жатыр екен. Бізбен интернет арқылы хабарласты, — деп бастады әңгімесін.

— Ол жакқа қашан, қалай кетіп жүр? Бәрің басынан бастаңызшы, — дедік.

— 2012 жылы ағам Еркін Бексейітов пен жанғем Индира Теміржанова отау құрып, бір-екі жыл өткен соң Мысырға оқуға кететін болды. Біз оларды шығарып салдық.

— Қандай оқуға түсіп еді? — дедік, Мысырға оқу іздеп кеткенінен іштей күдіктеніп.

— Ағам Мысырдың Александрия қаласындағы бір университеттің араб тілі факультетіне түскен. Өзі де, жанғем де намазхан еді. Ол кезде қушақтарында екі бала бар болатын. Үлкені Әделия 3 жаста, одан кейінгі ұлдары Абдулла 7 айлық. Үшінші ұлдары Әбдірахман Пәкістанда өмірге келіпті. Біз аға-жанғемізбен 2013 жылдың шілдесінде айында соңғы рет хабарластық. Содан кейін байланыс үзілді. Хабар-ошарсыз кетті. «Өлді» деген хабар келмеген соң, көңіл ешнәрсеге сенбейді екен. Мысырдың бір түкпірінде жүрген шығар деп көңіл жұбаттық. Арада 5 жыл уақыт өтті. Біз оларға осы жылдар бойы іздеу салумен болдық.

Міне, жуырда ғана бізге ағам мен жанғемнің Ауғанстан — Пәкістан шекарасында қайтыс болғаны туралы қаралы хабар келді.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететіндерді ертеңгі зейнетақысы ойландыруы тиіс. Алайда көпшілік бұған онша бас қатырып жүрген жоқ. Қоғамдағы осы өзекті мәселеге қатысты жақында өңірлерді аралап қайтқан депутаттардың ой-пікірі қандай? Jas qazaq газеті осы сауалды мәжілісмен Фахриддин Қаратаевқа қойған еді.



Фахриддин ҚАРАТАЕВ, Мәжіліс депутаты:

ТАБЫСТЫ ЖАСЫРЫП, ЕШКІМДІ АЛДАЙ АЛМАЙДЫ

— Фахриддин Әбдінәбиұлы, өңірлерді аралау кезінде қандай мәселелер сізді толандырды?

— Мен өткен жазда Түркістан облысын аралап, осы аймақтағы сайлаушыларыммен, тұрғындармен кездестім. Әрине, жасалған жұмыс, атқарылып жатқан шаруа көп екеніне көз жеткіздік. Әсіресе, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына мән беріп, тұрғындардың кейбір сұрақтарына да жауап беріп, түсіндірдік. Қазір ауыл халқы кәсіпкерліктің мәнін түсіне бастаған. Түрлі курстарға барып, бірқатар несие алу арқылы жаңа жұмыс орнын ашуға тырысып жатыр. Дегенмен, жұмыссыз ретінде тіркелушілер де әлі бар. Былай қарасаңыз, олар нәпақасыз емес. Бала-шағасын асырап отыр. Бірінің бау-бақшасы бар, бірі азын-аулақ малымен күн көруде. Жастар жағы туыскандарының шаруашылығында көлік жүргізіп, мал бағып, өзіне тиімді жұмыс істеуде. Демек, ресми табыс көрсетілмейді, салық төленбейді, зейнетақы қорына ақша аударылмайды. Бұдан бөлек, әлеуметтік-медициналық сақтандыруға қаржы бөлінбейді. Осы жағы мені қатты ойландырды. Кездесулерде осы мәселені көбірек айттым. Себебі мұның бәрі тұрғындардың өздері үшін қажет. Табысты жасырып, ешкімді алдай алмайды. Керісінше, ертен жасы келген кезде зейнетақысы аз болады. Екіншіден, егер сақтандыру қорына қаржы аударатын болса, болашақта сапалы медициналық көмек алады. Егер тұрақты табысы болса, кейін банктерден несие алып, кәсіп бастауына да оң ықпалы тиеді.

— Сіз айтқан мәселелерді жергілікті атқарушы органның өкілдері, мәслихат депутаттары да айту керек еді ғой. Әлде мемлекеттік бағдарламалардың мән-маңызын түсіндіру жағы кемшін бе?

— Олай деп айтуға болмас. Бұл тек қана әкімдіктің, депутаттың міндеті емес. Әрбір отбасында, мектеп қабырғасында жастардың болашағы, қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың мазмұны терең талқыланып, айтылу керек. Білім ордаларында түлектерге тек қана ҰБТ-ны ғана емес, болашақта қандай жұмыс істесенде, өзінің құқыңды білу, болашағың жоспарлау мәселесін жан-жақты айтқан дұрыс.

Мен бұған дейінде тиісті министрлік өкілдерінен Мәжілістегі комитет отырысында өзін-өзі жұмыспен қамту көрсеткішінің қалай анықталатынын сұрағанмын. Бұл мәселе әлі де депутаттардың назарында. Табысын жасырғаны үшін тек қарапайым тұрғын кінәлі емес. Оларға қарапайым тілмен, мысалмен түсіндіру қажет. Жастардың мамандық таңдауына, сұранысқа ие кәсіпті игеруіне мән беріп, бағыт-бағдар берген дұрыс.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана



БИРЖАМЕТР



DOLLAR
375



EURO
428



МУНАЙ (brent)
77,45



06.09.2018

АЛАШ ТАРИХЫ

ЖҮЗ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ҚҰҒЫН



Ленин мен Сталин А.Байтұрсыновтың төрт ай ішінде жарысөздерде айтқан мәселелерімен келісіп, Қырғыз автономиясын құру туралы шешім шығарады.

(Толығырақ 7-бетте)

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

Олимпиада ойындары секілді көшпенділер ойындары да әлемдік статусын алуына аз уақыт қалғандай. Өйткені жаһандық жарысқа қазірдің өзінде 80-нен астам елдің 3000-ға жуық спортшысы қатысуда.

ТҮБІ БІР ТҮРКІНІҢ ДОДАСЫ



(Толығырақ 8-бетте)

МӘССАҒАН!

ЕСКЕРТКІШТІ ЕСІРКЕМЕДІ



Қостанай өңіріндегі Қарабалық ауданында батырға арналған алып ескерткіш сүріліп тасталды.

Қазақ баһадүрінің жиынтық образын бейнелейтін сәулет туындысы коқысқа айналды. Ақпарат құралдары хабарлағандай, ескерткішті Қазақ хандығының 550 жылдығына орай орнатыпты. Оған қажетті қаржыны бастамашы топ жинаған деседі. Жергілікті әкімдік бетоннан тұрғызылған ескерткіштің өлден тозығы жеткенін, оның орнына қоладан сәулет композициясы орнатылатынын айтады.

INTEGRATION

Түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығы аймақтағы тұрақтылықты баянды етуге, экономикалық интеграцияны тереңдетіп, мәдени-рухани байланысты дамытуға септігін тигізеді. Бұл жетіде қырғыз жерінде өткен Түркі мемлекеттері басшыларының жоғары деңгейдегі кездесу осындай тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Саммит жұмысының қорытындысына қарап, Қазақстанның осы бағыттағы бастамалары мен ұсыныстарының біртіндеп іске асып келе жатқанын байқауға болады. Мұны қабылданған іргелі шешімдер де қуаттай түседі.

Түркі мемлекеттері ынтымақтастығы кеңесінің VI саммитіне Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан және Түркия президенттері қатысты. Атап өткен жөн, аталған жиынға өзбек елінің басшысы да келді. Кейбір сарапшылар осыған орай Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы түрлі саладағы байланыс жанданып, аймақтық қарым-қатынас өз жемісін бере басталды деп баға берді. Ал Мажарстан (*Венгрия*) үкіметінің басшысы Виктор Орбанның арнайы мейман ретінде келуі, әсіресе, Орталық Азия елдерінің Еуропамен байланысын өркендетуге сеп болары анық. Баламалы қуат көздеріне зәру Еуропалық одақ та энергетика секторында Кіндік Азиямен тиімді жобаларды іске асыруға мүдделі. Бұл ретте біздің еліміздің теңіз жолдарынан тікелей шыға алмайтын өңір елдері үшін

БИІК БЕЛЕС

Батыс пен Шығысты, Күнгей мен Терістікті бір-біріне жалғайтын транзиттік бағыттардың мүмкіндігін тиімді пайдалану қажеттігін алағартып келе жатқанын еске сала кеткен артық болмас.

Еліміз осы Кенеске төрағалық еткен кезеңде түркі мемлекеттерінің интеграциясы жалғасын тапты. Айта кеткен жөн, Астанада өткен саммитте Түркі тілдес мемлекеттер интеграциясының тұжырымдамасын әзірлеу жөнінде шешім қабылданды. Бүгінде дайын болған сол құжатта интеграцияның мақсаттары мен қағидаттары, даму кезеңдері мен іске асыру жолдары айқындалды. Мұнда бәсекеге қабілетті ұлттық экономика құруға, мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдетуге, ақпараттық технологиялар, энергетика, көлік-транзит, сондай-ақ қаржы саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге айрықша назар аударылды.

Жиынды Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ашып, Түркі тілдес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың аспектілеріне жан-жақты тоқталды.

Елбасы өз сөзінде қазіргі жаһандану заманында ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді кейінгі ұрпаққа қалдырудың маңызына тоқталып, былай деді: «Бүгінгі саммит ұлттық ойын түрлерін және жастар саясатын дамытуға арналып отыр. Түркі кеңесі жастары көшбасшыларының форумын, ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізуді, түркі әлемінің бірегей тарихи жерлеріне өлкетану экспедицияларын жүйелі түрде ұйымдастыруды ұсынамын. Бұл шаралар жастарымызды жақындастырып, елдеріміздің мәдени ерекшелігі туралы білімін тереңдетуге септігін тигізеді деп сенемін».

Сондай-ақ еліміз Кенеске төрағалық еткен кезеңде ғылыми-ағартушылық жұмыстарға да айрықша көңіл бөлінді. «Ортақ түркі тарихы» оқулығы әзірленіп, Әзірбайжан, Түркия, Қырғызстан және Қазақстанның мектеп бағдарламасына енгізілді. Түркі Академиясы ортақ тарихты танытып, сананы жаңғыртуға бағытталған 90-нан астам кітап шығарды.

Заман көшінен қалмас үшін, түркі тілдес мемлекеттер өз экономикасын өрге бастыруға мүдделі. Осы орайда Президент Нұрсұлтан Назарбаев транзит әлеуетін пайдалану мәселесіне тоқталды: «Біздің елдеріміз құрлықтың ортасында — Батыс пен Шығыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасын жалғастырып жатыр. Ақтауда қабылданған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі конвенция аймақтағы транзит әлеуетін одан әрі дамытуға септігін тигізеді. Сондықтан Түркі кеңесі көлік және теңіз әкімшілігі министрлерінің кездесуі аясында тариф саясаты мен әкімшілік тәртіптерді жеңілдету жөніндегі жұмыстарды белсенді жүргізуі керек».

Айта кеткен жөн, бүгінде Каспийдегі Құрық және Ақтау теңіз айлағы арқылы 26 млн тонна жүк



өткізуге болады. Құрық арқылы өтетін Транскаспий бағыты Қытайдан Орталық Азия елдері — Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, сондай-ақ Ресейдің Орал-Сібір өңірлерінен Түркия мен Еуропаға және кері



қарай жүк тасымалдаудың тиімді логистикасын қамтамасыз етеді. Қазақстан Президентінің бұл пікірі көрші елдерде қызу қолдау тапты. Отандық телеарналардың біріне сұхбат берген өзбек саясаттанушысы Шерзод Зиоев былай деді: «Өзбекстан Орталық Азия елдерінің орталығында орналасқан. Біздің ел Қазақстанмен байланысын жандандыру арқылы Батыс нарығына, сонымен қатар, басқа да елдерге өз өнімдерін жөнелтіп жатыр.

Алып Қытай және Кавказ елдерінің нарығына, сонымен бірге теңізге жол ашылады. Енді түркі жұрты өз алдына көліктің инфрақұрылымды жақсартып, тасымалды жолға қойса, онда экономика өркендейді. Әлемде жаңа бір белдеуде орналасқан түркі тілдес елдердің өзара нарығы мен транзиттік дәліз пайда болады деген ойдамын».

Теңізге тікелей шыға алмайтын қырғыз елі де Шығыс пен Батыстың арасындағы сауданы қызыратын көлік дәліздерінің болғанын қалайды.

Биыл жазда іске қосылған Астана халықаралық қаржы орталығы да Кеңеске мүше мемлекеттер үшін тиімді. Қаржы орталығының биржасында 34 млрд доллар активімен 14 халықаралық брокер тіркелді. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта ұлғая бермек.

Елбасы осы Астана халықаралық қаржы орталығын да бірлесіп пайдалану жөнінде өз ұсынысын жеткізді: «Орталықтың өңірлік хаб болуы үшін жаңа технологияны қолданып, қаржы қорларын дамытуға, капиталды шоғырландыруға және танымал инвесторлар мен қаржы сарапшыларын тартуға барлық жағдай жасалған. Осы орайда, сіздерді орталықтың қызметін кеңінен қолдануға шақырамыз».

Елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы табысты жүзеге асып жатқаны мәлім. Латын графикасына негізделген жаңа әліпби әзірленді. Латын графикасына көшу — түркі тілдес елдердің жазу мәдениетін жақындастыра түсетіні сөзсіз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жүзеге асырылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуына орай Мемлекет басшысы түркі халықтарының рухани жаңғыру мәселесіне тоқталып, осы елдердің қасиетті орындарын көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа лайықты мұра етіп қалдыру үшін Түркі кеңесінің жанынан «Түркі әлеміндегі 100 жаңа есім», «Түркі әлемінің киелі жерлері» арнайы жобаларын әзірлеуді ұсынды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан қаласының түркі әлемінің рухани әрі мәдени орталығы екенін еске салды. Қазақстанда Түркістан облысы құрылғанын айтып, «Ежелгі дәуірден тамыр тартатын Түркістан қаласы облыс мәртебесін алды. Осылайша түбі бір түркі халықтары үшін қастерлі атау өзінің тұғырына қайта қонды. Бұл — біздің тұтастығымызды нығайтып, елігімізді бекемдей түсетін тарихи оқиға» — деді.

Саммитте түркі тілдес елдердің интеграциясын әрмен қарай дамытуға серпін беретін маңызды шешімдер қабылданды. Бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Олардың ішінде Түркі тілдес мемлекеттер интеграциясы туралы тұжырымдаманың орны айрықша. Бұл құжат келешекте түркі жұртының қандай бағытта дамитынын айқындап берді.

Талап ТІЛЕГЕН

Үкімет

Осы аптадағы үкіметтің кезекті жиынында талқыланған маңызды тақырыптың бірі — елдегі медициналық көмектің сапасы. Бұл мәселенің қаралуы заңды да.

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов саладағы қолға алынған бастамаларын тізіп, баяндама жасалды. Оның айтуынша, көп кешікпей тегін медициналық көмектің жаңа моделі енгізілмек. Бұл мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауына сәйкес жүзеге асырылып жатыр екен. Жаңа қызметтің пакетіне — алғашқы

жақын болуы тиіс екенін хабарлады.

Министрдің баяндамасынан соң, бірқатар облыс басшылары онлайн арқылы денсаулық сақтау саласы бойынша атқарып жатқан жұмыстары жайлы есеп берді. Бірі маман тапшылығын шешіп, елге келген дәрігерге үй беріп жатса, бірі медициналық нысандармен қамтамасыз ету, салаға жаңа тәртіп енгізу бойынша түрлі шараларды қолға алыпты.

Осы ретте үкімет басшысы жуырда Солтүстік Қазақстан облысында болып, жаңадан салынып жатқан шағын ауданның құрылыс жұмыстарымен танысқанын

ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП

және шұғыл медициналық көмек, бұдан бөлек, әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде консультациялық-диагностикалық қызметтерді тегін дәрігермен қамтамасыз ету және стационарлық көмек кіреді. Министрдің сөзінше, халықтың өмір сүру ұзақтығын айқындайтын негізгі ауруларды бақылауды қамтамасыз етеді.

Е. Біртановтың айтуынша, МСАК қаржыландыруға байланысты 2010 жылы бюджет арқылы жүзеге асырылды және соның аясында өңірлерде әртүрлі жан басына шаққандағы нормативтер болған.

Министр осы мәселеге орай, «Шығыстарды теңестіру үшін 2010 жылы Қазақстанда кешенді жан басына шаққандағы нормативтің бірыңғай жүйесі, сондай-ақ ынталандыру бөлігі енгізілді. 2016 жылдан бастап қаржыландыруды республикалық деңгейде шоғырландыру жүзеге асырылды. 2017 жылы мектеп медицинасына арналған шығыстар, 2018 жылы тәулік бойы шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған шығыстар қосылды. Солардың есебімен жан басына шаққандағы кешенді нормативтің орташа құны 1070 теңгені құрады», — деді.

Ол Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша МСАК жекелеген адамдардың, отбасылар мен қауымдастықтың ұлттық денсаулық сақтау жүйесімен байланыста болуының бірінші деңгейі болып табылатынын және тиісінше МСАК адамдардың тұратын және жұмыс істейтін жеріне барынша

атап өтті. Б.Сағынтаев «600-дей ескі үй сүріліп, орнына үлкен шағын аудан салынууда. 2 мыңдай пәтер дайын болады. Сонда қарап отырсаңыз, сол үйде тұратын адамдардың емханаға тіркелгендер саны артып, дәрігерлерге жүктеме артады деген сөз. Қазір барлық облыс орталығында Елбасының тапсырмасымен «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша көп үйлер салынып жатыр. Кәсіпкерлер инвестиция тартуға ниетті, осы бағытта жұмыс жүргізуіміз қажет», — деп бұл мәселені орынбасары Ерболат Досаевқа шешуді тапсырды. Сонымен қатар, бірінші орынбасары Аскар Маминге жаңа үйлерді жоспарланған кезде бірінші қабақтарында балабақша мен шағын емханалар болуын қадағалауды ескертті.

Сондай-ақ денсаулық сақтау, ақпарат және коммуникациялар министрлігі және әкімдіктерге бірлесе отырып, сапалы медициналық көмек алуды жөнге келтіретін жаңа жүйе туралы халық арасында үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігін тапсырды.

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов биыл елімізде 266 мың нәресте дүниеге келгенін хабарлап, жағымды жаңалықпен бөлісті. Ол сондай-ақ мамандардың біліктілігін арттыру мақсатымен елордалық дәрігерлер шетелдегі халықаралық орталықтарға оқытуға жіберілгенін атап өтті.

Бейсен НАРЫНБЕК, Астана

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ



млрд теңге. Елімізде осынша банк несиесі қайтарылмаған



Екібастұздағы балабақшадан осынша қызметкер қызметінен көтерілген



теңге. Көкшетауда қызанақтың бағасы жаздай түскен жоқ



Биыл еліміз бойынша 192650 сәби дүниеге келді





Баспана мәселесі Қазақстан Президентінің бес әлеуметтік бастамасының маңызды бөлігі болып табылады. Осы мақсатта «7-20-25» тұрғын-үй бағдарламасы халықтың игілігіне қызмет етеді.

Аталған бағдарлама бойынша баспаналы боламын дегендерге жағымды жаңалық! «Баспана» ипотекалық ұйымының басқарма төрағасы Қайрат Алтынбековтің айтуынша, «7-20-25»

«7-20-25»: АЛҒАШҚЫ ЖАРНА САЛЫМЫ ТӨМЕНДЕЙДІ

бағдарламасына жас отбасылар мен бюджеттік сала қызметкерлерінің қатысуына зор мән беріледі. Олар тарапынан алғашқы жарнаны жинаудың қиындығы жөнінде көптеген пікірлер келіп түскен. Сол себепті, қолдау мүмкіндіктерін барынша қарастырмақ.



Нұрлан НЫҒМАТУЛЛИН, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс төрағасы:

«Бұл сауал әбден көнерген, тіпті философиялық болып кеткен. Әрине, есептеудің қандай да бір әдістемеге негізделетінін біз түсінеміз. Мәселе басқада. Қарапайым адам сіздердің ресми статистикалық мәліметіңізді естиді. Айталық, тұтыну бағасы туралы. Содан кейін дүкенге келеді де, өзіне қажетті азық-түліктің немесе дәрі-дәрмектің бағасы мүлде басқа екенін көреді. Ол тауарлар, әдетте, қымбатырақ. Тұтыну бағасының индексі әзірлегенде, оған азық-түлік пен дәріні ғана емес, бейнелеп айтқанда, станок пен металл дейін қосатындарыңыз ол үшін маңызды емес. Міне, орташа баға қайдан. Орта есеппен алғанда, баға сіздерде онша қымбат болмайды. Ал адам сіздің көрсеткішті сәредегі бағамен салыстырғанда, айырмашылықтың өте үлкен екенін байқайды»



Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ, ұлттық экономика министрі:

«Баға айырмашылығына қатысты айтсам, бізде бірыңғай ақпарат көзі жоқ. Біз әр тауар бойынша алтыдан 10-ға дейінгі бағаны аламыз. Мәселен, сарымайды біз үйдің жанындағы дүкеннен, базардан, көтерме сауда жасайтын базардан немесе ірі сауда орталығынан сатып аламыз. Осының негізінде аймақ және республика бойынша орташа баға шығады. Біз азық-түлікті не үйдің жанынан, не супермаркеттен сатып алуға дағдыландық. Сондықтан тауарды сатып алғанда, басқа бағаны көреміз. Әйтсе де, статистикалық көзқарас тұрғысынан бағаны осылай орташа есеппен көрсету — бұл дұрыс»

Парламент

Каникулдан көлген Парламент Мәжілісі осы аптада жаңа сессияның алғашқы отырысын өткізді. Күн тәртібінде 22 мәселе қаралды. Сессия кезінде Қазақстан халқы Ассамблеясынан депутаттыққа ауысқан Дархан Мыңбай ант қабылдады.

Төменгі палатаның жиынында талқыланған маңызды мәселенің бірі — келер жылы өтетін ұлттық халық санағына қам-қарекет жасаудың жайы. Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов мемлекеттік статистика туралы заңға өзгеріс енгізуді көздейтін заң жобасын алып келді.

Заң жобаларын талқылау кезінде ала жаздай өңірлерді аралап, халықтың мұн-мұқтажын аркалап келген мәжілісмендер мын-сан мәселені көтерді. Депутат



БАҒА мен БАҒАМ

Мұрат Теміржанов «Келер жылы болатын халық санағына дейін осындай ауылдарға телефон желісі орнатыла ма?» деген нақты сауал тастады. Оған ақпарат және коммуникациялар министрінің орынбасары Дарын Туяков «Алдағы үш жыл ішінде

барлық елді мекен байланыспен қамтамасыз етіледі. Сәуір айында ведомствоаралық комиссия өтіп, «Қазақтелеком» компаниясына тиісті жиілік бөлінді. Тұрғын саны 50 адамнан асатын барлық елді мекен телефон байланысымен қамтамасыз етіледі. Бұл жұмыс үш жыл ішінде жүргізіледі» деп

жауап берді. Осы мәселеге қатысты Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматуллин де «Халық санағы жақындап қалды. Ұлттық санаққа дейін елді мекендер ұялы немесе телефон байланысымен 100 % қамтамасыз етіле ме?» деп өз сауалын қойды. Вице-министр Дарын Туяков ұлттық санақ жүргізу уақытына дейін елді мекендердің басым бөлігі қамтылатынын жеткізді.

Үкімет халық санағын өткізу науканына қанша қаржы жұмсалатынын есептеп қойыпты. Қаржы министрлігінің есебінше, санақ барысында қағаз бланктерді пайдаланбаудың арқасында 1,5 млрд теңге үнемделмек. Қаржы вице-министрі Берік Шолпанқұловтың айтуынша, бұған дейінгі науқан кезінде осыншама сома қаражатқа қағаз бланк сатып алынатын. Енді цифрландырудың нәтижесінде мұндай шығынға жол берілмейді.

Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтің дерегінше, 2009 жылы өткен халық санағы барысында бір адамға кеткен шығын 430 теңгені құраған. Ал келесі жылы 480 теңге жұмсалады екен. Т.Сүлейменов «2019 жылы жалпыұлттық халық санағын өткізу үшін бір адамға қарастырылған қаражат 480 теңгені құрайды. Демек 10 жылдағы өсім 11 пайыз болады. Осы кезеңдегі инфляцияны ескерсек, шын мәнінде шығыс төмендеп отыр. Бұл автоматтандыру мен цифрландырудың оң нәтижесі», — делі.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

Тығырық

(Басы 1-бетте)

Телефонның арғы жағындағы қыздың дауысы дірілдеп, байланысымыз үзіліп кетті. Кайтадан қонырау шалдық. — Ғанибет, балалар 2013 жылдан бері қайда болған? Жағдайлары қалай екен?

— Бізге балалардың дерегін Айдана есімді оралдық қыз берді. Айдананың анасы Орал қаласында тұрады. Бірақ Айдана бізден шындықты жасырып отыр. Балалардың Мысырдан Түркияға қалай барғанын, оның қолына қалай түскенін ашық айтпайды. Бәрі жұмбақ. Екі бала да Ыстамбул қаласында, соның қолында болыпты. Қыз мектепке, кіші ұл балабақшаға барған. Ыстамбулда бауырларыма медициналық көмек көрсетіліпті. Босқын ретінде жүргендіктен, олардың Қазақстанның балалары екенін ешкім білмеген көрінеді. Казіргі жағдайлары да керемет деп айта алмаймын.

— Сіз екі бала туралы ғана айтып отырсыз, үшінші бала қайда?

— Үлкен ұл Абдулла сары аурудан қайтыс болыпты. Оны да оралдық қыздан естіп отырмыз ғой. Қазір Әделя 9 жаста, ал Әбдірахмен 6 жаста. Біз ағам мен жеңгемнің Ауғанстан-Пәкістан шекарасында қайтыс болғанына сенбейміз. Сондықтан олардың қайда, қандай себеппен көз жұмғанын білу үшін сұрау салып жатырмыз.

— Айдана өзі Түркияда не істеген? Қазір Сирияда немен айналысатын айтты ма?

— Оның қысеуі — Ресей азаматы. Жолдасының тегіне көшкен. Айдана Максим болып жүр. Оның Түркияда немен

айналысқанын, менің аға-жеңгемді қайдан, қалай танытынын, тіпті мына балапандарды қашан, қай жерде тауып алып, не үшін

Айдана интернетке қолы жеткен кезде ғана әлеуметтік желіге шығып, балаларды жақындарымен сөйлестіріп тұрады екен. Олар тұрған жер — Сирияның Әбу Кемал ауданына қарасты Суса деген жер көрінеді. Соңғы рет бір сөйлескендерінде балапандар өздерінің қоршауда қалғандарын айтқан.

Аға-жеңгесінен қалған қос құлынды от пен оқтың ортасынан аман алып шығу үшін Ғ.Тәжмағанбетова Елордаға, сыртқы істер министрлігіне барды. Министрлік Сирияға сұрау салғандарын, 1 ай көлемінде нақты жауап болатынын айтыпты.

Айтпақшы, бізбен телефон арқылы хабарласқан Ғанибет ханым соғыс болып жатқан Сирияға кетіп, қайтпай қалғандарды іздеушілердің аз емес екенін айтты. Бұл жақтағы туыстары WhatsApp әлеуметтік желісінде топ ашып алған. Әлгі топта тоқсан адам бар көрінеді. Сол тоқсан адам 18 жасқа



осы күнге дейін бағып жүргенін айтқан жоқ. Қазір Сирияда не істейтінін де құпия сақтап отыр. Жалпы жұмбақ жан. Бізге жеткен ақпарат бойынша, ерлі-зайыпты Максимдар халифат құрумен айналысқан, өз топтарына Қазақстаннан адамдар тартуды кәсіп еткен көрінеді, — деп өзінде бар ақпаратпен бөлісті. Ғанибет Тәжмағанбетованың айтуынша,

толмаған 135 баланы іздеп отыр. Ал 18 жастан асқандарды қоссақ, санынан өзіміз жаңыламыз дейді.

Жарас КЕМЕЛЖАН
(Фотосуреттер Ғанибет Тәжмағанбетованың жеке мұрағатынан алынды)

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Сұхбат

Қазақстан аймақтық ислам қаржыландыру орталығы болуды көздейді. Қазірдің өзінде өліміздің ислам қаржыландыру ісін дамытудағы үлгісі ТМД-дағы ең сәтті қадам болып отыр. Елде 8 жылдан астам уақыттан бері ислам қаржыландырудың негізгі тізбегі — ислам банкі жемісті қызмет өтіп келеді.

Көпшілік үшін ислам банкі әлі де беймәлім бір құбылыс болып қалуда. Тіпті, оған қатысты талай жұмбақ дүниелер де бар. Осыған орай JAS QAZAQ газеті Қазақстан мен ТМД-дағы тұңғыш Al Hilal ислам банкі басқарма мүшесі және қаржы директоры Айдын Тайыровтан көптің көкейінде жүрген біраз сауалға жауап беруін өтінген еді.

— Ислам банкінің дәстүрлі банктен айырмашылығы неде?

— Ислам банкі — жаһандық қаржы жүйесінің бір бөлігі. Онымен бәсекеге түспейді, тек толықтырады. Дәстүрлі банкке қойылатын талаптардан басқа, ислам банкі Шариаттың айрықша талаптарына сай болуы тиіс. Қарапайым тілмен айтсақ, басты талаптар мынадай: * пайыз бен өсімкорлық жоқ, оның орнына сауда мен серіктестік қағидалары жүреді;

қоймай, көбейтуі керек. Ислам банкіндегі заем былай болады. Мәселен, клиент нан пісіретін пеш сатып алғысы келеді. Банк ол пешті сатып алады да, үстемесін қосып бөліп төлеуге сатады. Келісім жасаларда клиент банктің бұл құралды қандай бағаға сатып алғанынан хабарлар. Тиісінше, қанша төлейтінін де біледі. Банк клиентке қаржы ғана беріп қоймай, келісімнің барлық кезеңіне қатысады.

— Ал депозитке пайыз қосылмаса, қалайша еселенеді?

ИСЛАМ БАНКІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК



* Шариат қағидасына қарама-қайшы қызметті банк қаржыландырмайды. Олар — темекі, алкоголь, шошқа еті, қару-жарақ өндірісі мен саудасы, ойын бизнесін құру, оған қолдау көрсету және т.б.

* банктегі барлық процестер банктің тәуелсіз құрылымы болып табылатын Шариат кеңесінің қадағалауымен жүргізіледі;

* клиентпен жасалатын барлық мәміле ашық та жария болады;

* қарызды сатуға тыйым салынады;

* мәміледе екіұштылық болмайды;

* кездейсоқ жағдайдың нәтижесінде, атап айтқанда, туынды қаржы құралдарымен операция жасаудан пайда алуға тыйым салынады.

Міне, мұның бәрі банк жұмысының механизмі мен өнім құрылымына ықпалын тигізеді. Әйтсе де, ақырғы тұтынушының көзқарасы тұрғысынан, ислам банкінің өнімі дәстүрлі банктің өнімі секілді оның мұқтаждығын өтей алады.

— Сонда пайыз жоқ болса, несие тегін болғаны ма?

— Пайыз мөлшерлемесінің болмауы несие тегін дегенді білдірмейді. Ислам банкі — коммерциялық мекеме. Ол салымшылардың қаржысын сақтап қана

— Дәстүрлі банкте депозитке белгіленетін пайыз Шариат нормаларымен тыйым салынған. Ислам банкіндегі барлық депозит инвестициялық сипатта. Банк клиенттің салымын қандай да бір жобаға құяды. Одан түскен пайда банк пен салымшы арасында бөлінеді. Айта кету керек, клиент әу баста өзінің де, банктің де қандай үлес алатынын біледі.

— Ислам банкінің клиенті міндетті түрде мұсылман болуы керек пе?

— Діни сеніміне қарамастан, кез келген адам ислам банкінің клиенті бола алады. Бұл салымшыға да, несие алушыға да қатысты. Өйткені ислам банкі клиенттің Шариат нормасына сай өнім алуына қажетті жұмыстың бәрін атқарып қояды. Бұл жұмыс клиентке көрінбейді. Оның бәрі банк құрылымында, тәуекел-менеджментінде, өнімді құрылымдауда, құжатта. Клиенттің Ислам туралы еш хабары болмауы мүмкін. Бірақ кез келген жағдайда өнімнің сипаты, келісім мәтіні, шарты және өзге де тетіктер оған түсінікті болмақ.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Қазақ REALISM



Велосипед —
теміржолшылардың
күнделікті көлігі

Арыс қаласы
Түркістан облысы

Фото: nur.kz

Ұлт саулығы

Халық денсаулығының сапасын арттыру концепциясы осы саланы жоғары санатты мамандармен қамтамасыз етуге негізделген. Бұл мәселені шешудің жолы – медициналық білім берудің ең үздігін пайдалануда болып тұр. Қазіргі таңда медицина саласының мамандарын даярлайтын оқу орындары талапқа сай ма? Еліміздегі болашақ дәрігерлердің білім алуы мен біліктілігін арттыруы қалай жүзеге асырылып жатыр? Бұл сауалдарға Санжар Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің ректоры Талғат Нұрғожин жауап берді.

Jas qazaq: Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында медицина мамандығын даярлау, біліктілігін арттыруға назар аударылған. Өзінің басқаратын медициналық оқу орнында сапалы маман дайындау мәселесі қаншалықты жолға қойылған?

Т.Нұрғожин: Медицина саласында сапасыз маман болмау керек. Дәрігер адам денсаулығына жауап береді. Сондықтан бұл мамандық иесінің сапасыз болуына мүлдем жол берілмейді. Бірақ өздеріңіз білетіндей, Кеңес үкіметі құлағаннан кейін, медицина саласына көптеген өзгерістер енді. Ал қазіргі таңда еліміздің экономикалық жағдайы жақсарып, соның ішінде медицина саласына да қолдау көрсетілуде. Осы әлеуметтік қолдаудың аясында көп жұмыс қолға алынды. Соның бірі – медицина саласына сапалы маман дайындау. Бүгінгі күнде медицина мамандарын дайындау үш түрлі жүйеге негізделіп жүзеге асырылады. Бірінші – медицина саласында оқитын студенттің оқу бағдарламасы. Екінші – осы салаға арналған арнаулы оқулықтармен қамту. Үшінші – оқу сапасын жоғарылататын методологиялық сапаның болуы. Осы үш негізгі мәселе медициналық дәрістің сапасын арттыруға бағытталады.

Елімізде 2016 жылдан бері Елбасының Жарлығымен «Денсаулық» бағдарламасы бекітіліп, жұмыс істей бастағаны белгілі. 2016–2019 жылдарға арналған бағдарламалық құжат ел тұрғындары денсаулығын сақтаудың тиімді әрі орнықты жүйесін дамытуды көздейді. Денсаулық саласын жақсартуға арналған құжаттың алғашқы бағыты – қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту. Бұл дегеніміз, халықтың сана-сына денсаулықтың қадірін ұғынуды сіңіріп, аурудың алдын алуға айрықша көңіл бөлу. Халықаралық үздік тәжірибелерге сүйенсек, медицинаны дамытудың басты жолы – қоғамдық денсаулық қызметін қалыптастыру. Бұл – халықтың денсаулық туралы ұғымын сауаттандыру, медицина саласына сапалы маман даярлау, тиісті кеңестер беру, саламатты өмір салтын насихаттау және осындай жүйелі жұмыстар негізінде елдің денсаулығын нығайту. Міне, осы мәселелер тиісті деңгейде жүзеге асса, Жолдау жүктеген міндеттерді де орындаймыз.



«Түлектердің теориялық білімі мен практикалық дағдыларының деңгейін бағалау үшін кәсіптік стандарттар мен үздік халықаралық тәжірибеге негізделген құзыреттерді тәуелсіз бағалау жүйесі енгізіледі. Медициналық және мейіргерлік білім беруді одан әрі дамыту клиникалық тәжірибенің, медициналық білім мен ғылыми қызметтің үштұғырлығын көздейді».

(«Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан»)

Мемлекет басшысы ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильді цифрлық қосымшаларды қолдану, электронды денсаулық паспортты енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру, медициналық кадрлармен қамтамасыз ету және оларды сапалы даярлау мәселесіне де

айрықша тоқталды. Медициналық жоғары оқу орындарында инновациялық оқыту енгізудің өзі келешек медицина мамандарын дайындауға үлкен үлесін қосты. Студенттердің білімі және клиникалық дағдыларды меңгеруі жоғарылап келеді. Клиникалық дағдыларды оқыту мамандарды клиникалық дайындау сапасын көтеруге көмектеседі.

Қазақ ұлттық медициналық университеті халықаралық білім кеністігіне жан-жақты білім беру әдістерін жетілдіріп отыруды көздейді. Жана ақпараттар ауқымы артты, кәсіби шеберлікке қойылатын талаптар мен науқастың құқығын сақтау мәселесіне қатысты талаптар күшейді. Осыған байланысты отандық медициналық жоғары оқу орындарының да мақсаты – сапалы маман дайындау.



Талғат НҰРҒОЖИН:

БІЛІКТІ МАМАН – САПАЛЫ МЕДИЦИНА КЕПІЛІ

Jas qazaq: Ал қазіргі маман даярлау жүйесінде өзгерістер бар ма?

Т.Нұрғожин: Алдымен жоғарыда атап өткен бағдарлама туралы айтып өтейін. Медициналық мамандықтың 5 жылға арналған бағдарламасында студенттер гистология, патофизиология, клиникалық анатомия пәнін оқиды. Бұл пәндер дәрігердің базалық негізі болып табылады. Мысалы, инженер болу үшін ол техниканың қыр-сырын білу керек қой. Сол сияқты, бұл пәндер медицинада дәрігердің негізгі базалық сабақтары болып есептеледі. Осы базалық пәнде берілетін тақырыптарға жана көзқараспен қарау керек. Сонымен қатар, базалық оқытуда кітап мәселесі бар. Көбінесе орысшадан қазақ тіліне аударылған кітаптарды түсіну қиын. Өйткені медицина тілінде айтылатын кейбір ортақ терминдер қазақ тіліне аударылған. Қарапайым мысал ретінде ұйтсақ, медицинада «клетка» деген айтас бар. Біз оны қазақ тілінде «жасуша», болмаса «үлпа» деп аударып жүрміз. Осы сынды сөздер қалай айтылады, сол күйінде қалса, дұрыс болар еді. Қазақ тілін қорғайтын адамдар «бізге өзге елдің сөздері еніп жатыр» деп қорқыу мүмкін. Дегенмен медицинаға келгенде, латын тілінен енген сөздер қалай айтылады, солай қалғаны дұрыс деп есептеймін. Өйткені ол сөздер медицина тілін сөйлетеді. 70 жыл кеңес үкіметі кезінде медицина тек орыс тілінде оқытылды. Сондықтан қазақ тілінде медициналық терминология жасалмады. Біздің еліміз егемендігін алғаннан кейін медициналық кітаптар қазақ тіліне аударыла бастады. Қазіргі таңда біздің университетте оқитын студенттердің 70 пайызы қазақ бөлімінде оқиды. Ал дәрігер мамандығын меңгеру үшін қазақ тілі мен орыс тілінен бөлек ағылшын тілін де жетік меңгеру керек.

Егер ағылшын тілін меңгермесе, күнделікті жаналықтарды игере алмай қалады. Сабақ беру тәжірибесіне келетін болсақ, бұрын теориялық сабақтар көп болатын. Ал қазіргі таңда дәрігерлер манекен арқылы адамның ішкі құрылысымен таныса алады. Сонымен қатар, біздің студенттер «академиялық шыншылдық» тұрғысынан да тексеріледі.

Алғашқы курсқа қабылданған күннен бастап студент жақсы оқу, ғылыми жұмыстарды көшірмеу, пара бермеу сынды бірқатар шарттарға қол қояды. Егер студенттер академиялық шынайылықтың тәртібін бұзса, университеттен шеттетіледі. Дәрігерлерді оқытып, тәрбиелеу өте күрделі мәселе. Қазіргі таңда



денсаулық сақтау министрлігі тарапынан үлкен қолдау жасалып жатыр. Сонымен қатар, дәрігер мамандығына оқитын студенттердің қурастан курсқа өтудегі білім деңгейі балл арқылы анықталады. Айталық, 1-курсан 2-курсқа өту үшін – 2,67 балл. Ал одан жоғары курстарға өту үшін – 3 балл болу керек. 3 балл деңгейі студент тек 4 пен 5-ке оқуы керек дегенді білдіреді. Ал резидентураға өту үшін 3,2 балдан жоғары болу керек. Сондықтан, медицина мамандығын игеріп шығамын дейтін студенттер сабаққа зейін қойғаны дұрыс.

Президенттің 5 әлеуметтік бастамасы, сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бізге үлкен көмек көрсетуде. Қазір осы бағдарламалар аясында медицина тақырыбындағы 18 оқулық ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аударылды. Осы кітаптардың барлығы біздің оқу бағдарламамызға енгізілді. «Менеджмент», «Экономика» сынды кітаптар – денсаулық сақтау саласының негізгі бастамалары. Бұл кітаптар қазақ тіліне өте сауатты аударылған. Медициналық терминдер сол күйінде қалған. Өйткені кейбір медициналық терминдер әлемнің барлық елінде сол күйінде айтылады. Мысалы, дедуция, рационализм, цитоплазма тәрізді сөздер сол қалпында қалып, қазақ тіліне аударылмаған.

Jas qazaq: Медициналық университетті тәмамдаған түлектер әлемдік деңгейдегі мамандармен теңесе ала ма?



Т.Нұрғожин: Қазір ғана біз дәрігер мамандығын дайындаудағы мәселелерді айтып өттік. Дәрігерлердің біліктілігі оларды дайындайтын мамандарға байланысты. Қазір бізде резидентура мен интернатурада оқып жүргендер ауруханаларда тәжірибеден өтеді. Олар оқып білгендерін практикамен ұштастырады. Алматы қаласында студенттердің саны көп болғандықтан, барлығын бірдей практикалық жұмыспен қамту қиын. Сондықтан біз студенттерді 6-12 ай аралығында өзіміз келісім алған Тараз, Шымкент, Атырау, Ақтау, Қызылорда қалаларына тәжірибеден өтуге жібере аламыз. Олар осы қалаларда негізгі практикалық білімін жетілдіре алады. Біздің Қазақ ұлттық медицина университетінен шыққан мамандар барлық жерде де жақсы қабылданады. Мысалы, көптеген бас дәрігерлер осы университеттен түлеп ұшқандар студенттерді маман жұмысқа алғысы келеді. Жақында ғана Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданының бас дәрігерлерімен кездескенімде «Былғы бітірген мамандардың білімі өте жақсы, оларға науқасты сеніп тапсыра аламыз» дейді. Бұның өзі мен үшін үлкен мәртебе.

Сонымен қатар, қазіргі таңда денсаулық сақтау министрлігі тарапынан тәуелсіз емтихан өткізілуде. Елімізде Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы бар. Біздің резидентура мен интернатураны аяқтаған түлектер осы орталыққа барып емтихан тапсырады. Сол емтиханды тапсырса, олар әрі қарай қолдарына диплом алып жұмысқа орналаса алады. Егер емтиханнан өте алмаса, келесі

жылға қалады. Бұл министрлік тарапынан медициналық маманның сапасына деген көзқарас. Емтиханға университеттің ешқандай ықпалы жоқ. Жоғарыда айтып өткендей, студенттердің білім деңгейінің өсуі олардың сапалы білім алуына жағдай жасайды. Біздің студенттердің әрқайсысына электронды жеке кабинет беріледі. Олар жеке кабинетіне кірмес бұрын, университет ережесі бойынша үш құжатпен танысады. Біріншісі – университеттің жалпы ережесі, келесі академиялық шынайылық осы сынды құжаттармен танысып барып жеке кабинетіне кіре алады. Осы құжаттарға қол қоймай, студент жеке кабинетіне кіре алмайды. Осының барлығы медицина саласының мамандығына дайындаудағы сапаның бір көрінісі. Қазір бізде жалпы медицина мамандығын 5 жыл оқиды. 2 жыл интернатура, 2-3 жыл резидентураны оқиды. Дәрігер маманы болып шығамын дегенше, 10-11 жыл оқиды. Қысқаса, білікті маман – сапалы медицина кепілі болуы керек.

Jas qazaq: Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің тиімділігіне маман ретінде пікіріңіз қандай?

Т.Нұрғожин: Мен маман ретінде әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін қолдаймын. Жүйеге қосымша қаржы түседі. Ал бұл қаржы медицина саласымен қатар, дәрігерлердің де әлеуметтік мәселесін шешуге көмектеседі. Бұл жүйе тек біздің елде ғана емес, әлемдік тәжірибеде бар. Медицина саласы әр жерде қоматқы қаражатты қажет ететін сала. Қаражатты қанша құйсаңыз, соншалықты сапалы ем аласыз. Медицинасы дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, онда дені сау ұлттың қалыптасуына үш топ жауапты. Оның біріншісі – мемлекет болса, екіншісі – жұмыс берушілер, ал үшіншісі – халық. Осы үш топтың күші біріккенде ғана денсаулық саласындағы қордаланған мәселелерді онынан шешіп, саланы дамытуға болады. Мысалы, әрбір мемлекет өзінің азаматтарына қол ұшын созып, денсаулығын сақтандыруға

Салауатты өмір

Биыл 3,5 миллион адам тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі. Бұл туралы сәрсенбі күні өткен баспасөз мәслихатында денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов хабарлады. Оның айтуынша, дәрілік заттармен қамтамасыз етудің тиімділігі мақсатында, биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап амбулаториялық дәрі-дәрмектерді сатып алу орталықтандырылып, онлайн түрде жүзеге асырылады.

Соның нәтижесінде, 26,5 млрд теңгеге дейін бюджет қаражаты үнемделді. Бұл қаржы алдағы уақытта 20 мыңнан астам науқасты қажетті дәрі-дәрмекпен қосымша қамтуға жұмсалады. Сонымен қатар медициналық ұйымдардың 96 пайызында медициналық ақпарат жүйесі енгізілген. Жыл соңына дейін барлық медициналық мекеме 100 пайыз электрондық медициналық жазбаларға ауысады. 11 миллион тұрғынның электронды паспорты жасалды. Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан жүзеге асырылып жатқан мұндай шаралар медициналық қызметтің ынғайлы және ашық болуы үшін қажет.

Сондай-ақ жедел жәрдем бригадаларын жеткізу мерзімі 7 минутқа азайған. Бұған дейін жедел жәрдем көлігі сырқатқа 25 минутта келіп жететін. Енді 18 минутта жетіп барады. Осыған орай денсаулық сақтау министрі былай делі: «Мен үшін жедел медициналық көмек – базалық мамандық. Басымдық беретін жеке кәсіби мақсатым да – еліміздегі жедел жәрдем қызметін жетілдіру».

Жиын барысында халықтың өмір сүру жасын ұзарту жайы да сөз болды. Созылмалы ауру мен кенеттен болған өлім бұл көрсеткішке айтарлықтай ықпал ететін

ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ



көрінеді. «2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда медициналық және демографиялық көрсеткіштерді жақсартуға қол жеткізілді.

Сондай-ақ баспасөз мәслихатында дәрігерлерді дайындау, оларды жалақымен қамтамасыз ету мәселесі де талқыланды. «Тағы бір мәселе – кадр даярлау мәселесі, маман тапшылығы. Осы мәселені шешу үшін біз қажетті шараларды қолданып жатырмыз. Ол үшін әкімдіктермен байланыс күшейтіліп, осыған орай үкімет басшысы тиісті тапсырма берді. Алдағы уақытта қай әкімдік қандай көмек беріп жатқанын көріп отырамыз», – деді денсаулық сақтау министрі.

Медициналық қызметкердің айлығы туралы да министрдің айтары бар «Біз мемлекеттік Денсаулық сақтау бағдарламасы негізінде арнайы шараларды жоспарлаған едік. Әр медициналық мекеме өз мүмкіндігіне қарай айлықтың деңгейін өздері белгілейді. Қазір мемлекеттік ұйымдардағы 85 пайыз жана формаға көшті. Содан біз ай сайын мониторинг өткіземіз. Әкімшілік шығыны көп ұйымдардың санын қысқарттық. Осы арқылы дәрігерлердің айлығын көбейту мүмкіндігі бар. Соны біз бақылап отырмаймыз».

Елжан Біртанов алғашқы медициналық көмек деңгейінде жалпы практикалық дәрігер, учаскелік дәрігер мен мейіргіштердің жалақысын көтеру үшін ұсыныстар енгізілгенін де тілге тиек етті: «Жана технология енгізіп жатқан әріптестерімізге келесі жылдан бастап жалақысына қосымша төлем енгізу жоспарда бар. Әрине, біздің стандарт бойынша әр дәрігерге тіркелген халық саны 1 700 адамнан аспауы керек. Мұны да бақылауға аламыз. Ай сайын мониторинг жасалады».

Сонымен қатар, қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында еліміздің шалғай теміржол стансаларын аралауға «Саламатты Қазақстан» және «Денсаулық» пойыздары аттанады. 2018 жылы «Денсаулық» медициналық пойызы Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан және Алматы облыстарын аралап, 71 стансаға тоқтайды. Ал «Саламатты Қазақстан» пойызы қызметімен Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды және Қостанай облыстарының шалғай аудандарындағы 57 стансаны қамту жоспарланып отыр. Еске сала кетейік, «Медициналық пойыздар» жобасы алғаш рет 2010 жылы басталған. Осы уақыт аралығында бұл пойыздар республиканың барлық облыстарынан 1 326 стансаның тұрғындарын қараған. Мамандар 379 мыңнан астам тұрғынды, соның ішінде 8 3806 баланы тексеруден өткізген. Дәрігерлік қабылдаудың жалпы саны 2,5 миллионды құрады.

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Жиын-терін

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жетісу жеріне жасаған сапарында қант қызылшасы саласын дамыту жайлы нақты тапсырма берген болатын. Сол тапсырма бойынша қазір облыста ауқымды жұмыс атқарылуда. Бұл жұмысты жүзеге асыруды «Жетісу» АҚ өз назарында ұстап отыр. Бірнеше жыл бойы облыстық әкімдік «Жетісу» АҚ арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін техника және өнімділігі жоғары, сапалы тұқымдармен қамтамасыз етуде. Көксу қант зауыты күрделі жөндеуден өтіп, бірнеше жыл тоқтап тұрған Ақсу қант зауыты іске қосылды. Осылайша өңірде қант қызылшасын өңдеу ісі жанданды.

Елдегі 18 миллион халықтың сұранысын қамтамасыз ету үшін 400 мың тонна қант керек. Былтыр түгелдей қайта жабдықталған Көксу қант зауыты 325 мың тонна, 10 жылдан кейін іске қосылған Ақсу қант зауыты 70 мың тонна, тұрақты жұмыс істеп келген Жамбыл облысындағы Мерке қант зауыты 200 мың тонна қант қызылшасын өңдеп, 50 тонна қант алды.

Ғалымдардың пайымынша, қант қызылшасына деген сұраныстың 25%-ы орындалғанда ғана елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Осы деңгейге жету үшін кем дегенде жылына 1 миллион тонна шикізат жинау керек. Жетісулықтар осы мақсатқа жету жолында барын сала еңбек етуде. Өткен жылы 9 мың гектардан астам жерге қант қызылшасын өсірсе, биыл қызылша егілетін аумақты 11 мың гектардан асырды. Осы қарқын жалғасса, 2021 жылы әлгі айтылған 1 миллион тонна шикізатты жинауға болады.

Қазіргі таңда қант қызылшасы бағытында облыста 15 сервистік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Олардың қуаты 6 мың гектар жердегі қант қызылшасын егу, баптау, жинауға жетеді. Демек, 11 мың гектар жердегі жұмыстың 80 пайызы жаңа техниканың,

ғылыми-зерттеу институтында қант қызылшасының «Тиссерин» (*Франция*) және «Игорь» (*Германия*) тұқымдары сынақтан өткізіліп, жоғары көрсеткіш көрсетті.

Сапалы тұқым мәселесін шешумен облыстық әкімдік те айналысуда. Биыл «Жетісу» АҚ арқылы Франция мен Германиядан өнімділігі жоғары 33 мың тонна қант қызылшасының тұқымы әкелініп, 1 сәуірден бастап дикандаларға таратылды. Мамандардың айтуынша, генетикалық әлеуеті күшті, өнімділігі жоғары «Ардан», «Дануб», «Тиссерин», «Игорь» және «Гримм» сияқты шетелдік тұқымдардан тектарына 1000 центнерден өнім алуға болады. Бұл тұқымдар зиянкестерге аса төзімді.

Өңірде Панфилов ауданындағы «Қамкорлық» ЖШС ұсынып отырған «Ялтушковская», «КазСив», «Ай-Шолпан» сияқты тұқым егіп, мол өнім алып жүрген шаруа қожалығы көп. «Қамкорлық» ЖШС-нің директоры Әлен Жолдасовтан білгеніміздей, аталған шаруашылық өндірген қант қызылшасының тұқымы өткен жылы мың гектар жерге егіліп, тектарына 450-650 центнерге дейін өнім жинапты. «Қамкорлық» ЖШС базасындағы тұқым өңдейтін құрылғылар ескіргендіктен, сапалы тұқымды молынан өңдеп, жұрттың сұранысын толық қамтамасыз ете алмай отыр. Осыған орай облыс әкімі Аманжол Баталов биыл 25 млн теңге қаржы бөліп, шаруашылықтың құрал-жабдығын жаңартуға қол ұшын бермек. Демек, бұл мәселе де оң шешімін таппақ.



ҚЫЗЫЛША ӨСІРУ ҚАРҚЫН АЛЫП КЕЛЕДІ

✓ **2017 жылы қант қызылшасының өгіс алаңы 19,2 мың гектарды құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен 8,6%-ға аз. Соңғы 5 жылда (2013–2017 жылдары) қант қызылшасы өндірісінің орташа жылдық көлемі 214,2 мың тоннаны құрады, бұл 2008–2012 жылдар көрсеткіштерімен салыстырғанда 51,1 мың тоннаға немесе 31,3%-ға көп. Қант қызылшасы өндірісі көлемінің жеткіліксіздігі себебінен республикаға жыл сайын орта есеппен 255 мың тонна көлемінде құрақ қант шикізаты импортталды.**

(Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы)

қалғаны адам күшімен атқарылады. Биыл тағы 7 сервистік қызмет көрсету орталығы құрылды. Бұл жұмыс сапасын жақсартта түсті.

Тұқымның өнімділігі жоғары болғанымен, жерсіндіру үшін жалықпай баптау керек. Сондықтан оған екінің бірінін қолы жете бермейді. Сапалы тұқым мәселесін шешу үшін ауыл шаруашылығы министрлігі 200 млн теңге қаржы бөліп, отандық қант қызылшасы тұқымын өңдейтін кәсіпорындарды қаржыландыруға көшті. Егер жоба сәтті жүзеге асса, қаржыдан бағасы арзан, зиянкестерге төзімді, берекелі тұқымдардың игілігін көрмек. Сонымен қатар, өткен жылы Казак егіншілік және өсімдік шаруашылығы

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, қазіргі таңда облыста 800-ге жуық шаруа қожалығы қызылша өсірумен айналысады. Солардың қатарында жыл сайын қызылшадан мол өнім алып келе жатқан шаруа қожалықтары көп. Мәселен, Көккү ауданындағы «Кен дала» шаруа қожалығы былтыр қант қызылшасының әр гектарынан 600 центнерден аса өнім жинап, басқа әріптестеріне үлгі көрсетті.

— 2015 жылдан бері қант қызылшасын өсірумен айналысып келеміз. Басында біраз қиындықтар болғанымен, қазір жаңа техниканың күшімен өнімді еселеп, кірісті арттырып жатырмыз. Әсіресе, «Август — Қазақстан» ЖШС мамандарының көмектесуімен жұмысымыз ілгері баса түсті, — дейді «Кен дала» шаруа қожалығының жетекшісі Қалибек Алпысбаев.

«Август — Қазақстан» ЖШС осымен үшінші жыл «Кен дала» шаруа қожалығымен бірлесе отырып, жұмыс жүргізуде. Олар 2016 жылы шаруа қожалығының 7 гектар қызылша алқабына сынақ жүргізіп, жаз бойғы еңбектің нәтижесінде аталған шаруа қожалығы қант қызылшасының гектар түсімін 500 центнерден асырса, өткен жылы 600 центнерге жеткізген. Биыл қант алқабын жайқалтып өсіріп отырған шаруа қожалығы гектар түсімін 700 центнерге жеткізбекші.

«Кен дала» шаруа қожалығының жетекшісі Қалибек Алпысбаевтың айтуынша, аталған шаруашылық былтырдан бері отандық қант қызылшасының тұқымын өсіруді қолға алыпты. Олар «Қамкорлық» ЖШС базасында дайындалған тұқымды бірнеше гектар жерге егіп, сынақтан өткізуде. Оған аталған кәсіпорынның мамандары да қолдау танытуда.

— Талпынған жаңға мемлекет қолдау жасап-ақ жатыр. Біз де бүгінгі жағдайға мемлекет тарапынан жасалған түрлі қолдаулардың нәтижесінде жеттік. Біздің жұмысымызға Елбасының тапсырмасымен отандық өнімді қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың көмегі тиюде. Ендігі мақсат — осынау берері мол бағдарлы істі одан ары дамыту, —

дейді «Қамкорлық» ЖШС төрағасы Әлен Жолдасов.

Өткен жылдан бері «Ақсу қант зауыты» іске қосылып, ақсулық қызылшашылардың жеріні жани түсті. Ақсу ауданының әкімі Әділбек Далбағавтың айтуынша, аймақта алты сервистік-дайындау орталығы бар болса, биыл қант қызылшасы бағытында үш сервистік дайындау орталығы құрылған. Жалпы бұл орталықтарға елден аса заманауи техника сатып алынып, бүгінде игілігін шаруалар көруде. Өткен жылы 56 800 тонна тәтті түбір жинаған ақсулықтар жерден алар өнімді биыл да молайтып, 71 200 тоннаға жеткізуді көздеп отыр.

Өнім түсімін арттыруға Қызылағаш ауылындағы «Квитко» шаруашылығының да қосып отырған үлесі айтарлықтай. Озат шаруашылықтың бүгінгі тірлігі көңіл марқайтады. Іргелі қожалықтың алдыңғы жылы алған өнімдері орта есеппен тектарына 500 центнерден айналса, былтыр бұл көрсеткіш 600 центнерге жеткен. Мұндай толайым табыс мемлекеттің шаруаларға субсидия, гербицид, тыңайтқыш, тұқым, техника тарапынан қолдау көрсетуі мен қызылша өсірушілердің қажырлы еңбегінің бірлескен жемісі деуге болады.

Ақсулықтар осы жылы 2 мың гектар жерге тәтті түбір ексе, соның 80 гектары Квиткоға тиесілі. Олар биыл осы жерден 5 600 тонна өнім жинап, зауытқа өткізсеміз деп отыр. Шаруа қожалығының жетекшісі Александр Квитко:

— Осы жерде өсірілген қант қызылшасының әр гектарынан 700-800 центнерден өнім жинаймыз деген сенім бар. Өзге алқаптарымыздан да жақсы өнім аламын деген ойдамын. Су қоймасы мен арықтардың іске қосылуын асыға күтіп жүрміз. Аудан әкімінің резервінен жер сұрап қойдым. Су келсе, бұл дақыл алқабын төрт, бес есеге дейін көбейтуге әзірмін, — дейді.

Айтпақшы, қазіргі кезде Қызылағаш су қоймасын қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Аталмыш нысан іске қосылғанда тағы 7 мың гектар суармалы жер айналымға енгізілмек. Аймақтың ирригациялық жүйелерін жөндеуге биыл 5,9 млрд теңге бөлінген. Жөндеу жұмыстарының нәтижесінде, басқа да дақылдар себетін алқаптардың аумағын кеңейтуге болады.

Ақсу қант зауытының күрделі жөндеуден өткені де көңілге демеу. Зауыт директоры Самат Мәдірбаевты айтуынша, биыл кәсіпорынды қайта жаңғырту бағытындағы жұмыс жалғасын тауыпты. Құрылыс жұмыстарына екі

жүзден аса адам тартылған. Кәсіпорынның іші-сырты ретке келді. Ескірген құрылғылар да шетінен жаналанып, ауыстырылып жатыр. Қондырғылар Ресей, Украина, Қытай, Германия, Франция, Швеция, Голландия, Норвегия сияқты мемлекеттерден әкелініп, орнатылыпты. Бір сөзбен айтқанда, қайта жаңғырту жұмыстары барлық талапқа сай жүзеге асырылуда. Қолға алынған істер сәттемен іске асырылса, балтамырды жуып, кесіп, кептіріп, қантқа айналғанға дейінгі үрдістің бәрі жаңа технологияның күшімен атқарылатын болады. Зертхана да жаңаланған. Осының бәрі зауыттағы жұмысқа одан әрі қарқын беріп, өнімді арттыруға оң септігін тигізбек.

Тағы бір жақсы жаңалықтың бірі — кәсіпорын қалдықсыз жүйеге көшірілуде. Биыл қант қызылшасынан шығатын қалдықты сығып, нығыздап, текшелеп орайтын құрылғылар орнатылмақ. Осы ретте зауыттағылар 22 мың тонна жом әзірлейміз деп отыр. Мұндай жом ормаларды құнарлы жоғалтпай екі жылға дейін сақталатын көрінеді. Айта кетейік, «Энергомост» консорциумының облыспен меморандумға отырғандарына екінші жыл. Инвестициялық міндеттемелерін абыроймен атқарып келеді. Екі жақтың да мүддесі ортақ. Өткен жылы «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы филтрлер, центрифугалар, сорғылар мен таразы сияқты көптеген жабдық алынып, орнатылған. Зауытта биыл 100 мың тоннадан аса қызылша өңделеді деп күтілуде. Сол уақытта жұмыс күші көбейіп, алты жүз шақты адам еңбекке тартылатын болады.

Қашанда Жетісудың төл дақылы қант қызылшасы екенін жұрт біледі. Демек, жетісулықтар қант өндіру арқылы ел тұрғындарының қажеттілігін өтеп келеді. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

BELES

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне – 20 жыл

Әу баста көпшілік күмәнмен қарайтын, бірақ нарықтың қатал сынынан ойдағыдай өтетін өміршең жобалар болды. Еліміздегі зейнетақы жүйесі – осы сөзімізге айқын дәлел. 2013 жылдың 21 маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, онда басқа да реформалар қатарында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру көзделген болатын. Сол жылы 31 шілдеде Үкімет қаулысымен «ГНПФ» Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ негізінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы құрылды. Бірақ көпшіліктің көкейінде «БЖЗК бізге не береді? Оның пайдасы бар ма?» деген сауал тұрды.

Бұған дейін де отандық зейнетақы жүйесі талай кезеңді бастан кешіргені мәлім. Айта кеткен жөн, биыл отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылғанына 20 жыл толды. 1997 жылы маусымда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап еліміз ТМД елдері ішінде алғашқы болып жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізді. Бұл ретте ортақ зейнетақы жаңа жүйенің құрамдас бөлігі

жауапты, яғни бейнетіне қарай зейнетін көретін болады.

1998 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істейтіндер айлық табысының 10 пайызын міндетті зейнетақы жарнасы есебінде зейнетақы қорына аудара бастады. Сонымен бірге ерікті зейнетақы жарнасын аудару құқығы берілді. 2003 жылдың қаңтарынан кейбір жұмыс берушілер арнайы мамандық иелерінің пайдасына (кенші, мұнайшы және т.б.) ерікті кәсіптік зейнетақы жарнасын аударатын болды. Кейін оларды міндетті жарнаға айналыдыру көзделді. Сөйтіп, 2014 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен зиянды жұмыспен айналысатын жұмысшыларының зейнетақы жинағына айлық табыстың 5 пайызын міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы ретінде аудара бастады.

1997 жылдың қыркүйегінде «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» (МЖЗК) жабық акционерлік қоғамын құру туралы» Үкімет қаулысы шықты. Зейнетақы жүйесіндегі алғашқы ұйым болған МЖЗК еліміздегі



зейнетақы жүйесінің дамуына сөзсіз ықпал етті. 1998–2002 жылдары елімізде жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен зейнетақы нарығының инфрақұрылымы қалыптасты. Нарықта жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары пайда болды. Олар қатан бәсекелестік жағдайында дамыды. Алғашқыда бұл он нәтижесін бергені рас.

Бәсекеге төтеп бере алмаған қорлар нарықтан шықты. Кейбірі өзара бірігіп жатты. Бірақ уақыт өте бұл қорлар зейнетақы жүйесін

БЖЗК – ЗАМАНА ТАЛАБЫНА САЙ ҚҰРЫЛЫМ

ретінде сақталды. Айта кеткен жөн, Ресейде зейнетақының тиімді үлгісіне көшу мәселесі күні бүгінге дейін талқылану үстінде. Ал Қазақстан бұл саланы реформалауды ерте қолға алды. Бұл реформа мемлекет бюджетіне түсетін ауыртылықты азайтуды, сондай-ақ әлсіреті зейнетақы жүйесін құру мақсатын көздеді. Жаңа жүйе бойынша әрбір азамат болашақ зейнетақысы үшін өзі

өркендетудің орнына, салымшыларды өздеріне тартуға кірісті. Сондықтан бірыңғай жүйе құру қажеттілігі туындады. Сөйтіп, 2013 жылы МЖЗК базасында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құрылып, өзге зейнетақы жинақтаушы қорларындағы шоттар соған ауыстырылды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру және оған зейнетақы активтерін шоғырландыру нарыққа өзгеріс әкелді. Әйтсе де, бұл үдеріс зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне кері әсерін тигізген жоқ.

Бүгінде елімізде көпденгейлі жүйе қалыптасқан: мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық және еңбек өтіліне байланысты ортақ зейнетақы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылатын төлемдер, сондай-ақ ерікті зейнетақы жинақтары.

Елімізде зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ететін бірегей мемлекеттік кепілдік моделі жұмыс істейді. Соған сәйкес, болашақ зейнеткерлерді зейнетақымен қамту жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және салымшы арасында оңтайлы бөлінген. Зейнетақы шотындағы жинақ салымшының меншігі болып табылады және мемлекет инфляция деңгейін ескере отырып, оның нақты өткізілген мөлшерінде сақталуына мемлекет кепілдік береді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

■ МАМАН ПІКІРІ ■

Ілияс ИСАЕВ, ЭКОНОМИСТ:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) қазіргі уақытта табысы жоғары ұйым болып отыр. Өйткені қордағы салымдар табыс әкелетін активтерге орналастырылып жатыр. Сонымен қатар бұл жүйе шетелдік және квазимемлекеттік активтерге, екінші деңгейдегі банктерге аударым жасады. Көпшілік жүйенің Әзірбайжан банкіне ақша салып, оны қайтара алмағаны туралы хабарды біледі. Ол өз кезегінде мемлекеттік құнды қағаздарға ауыстырылды, яғни ақша қайтарымсыз емес. Әзірбайжан мемлекеті ол ақшаны қайтаруға кепілдік берді. Қазіргі уақытта БЖЗК-дағы жинақтарға Үкімет кепілдік беріп отыр. Жүйенің айлық көрсеткіштері туралы мәлімет те ашық. Ай сайын жүйенің табысы туралы мағлұмат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады»



Бейсенбек ЗИЯБЕКОВ, ЭКОНОМИСТ:

«Жалпы БЖЗК идеясы өте дұрыс. Әр жүйе енгізілмес бұрын белгілі бір эволюциядан өтеді. Біздегі зейнетақы жүйесі де біртіндеп дамып келеді. Қазіргі кезде еліміздің бұл жүйесі экономикалық саясатпен тығыз байланысты. Дамыған, бәсекесі жоғары мемлекеттерге өз тиімділігін көрсеткен жүйе. Бұған дейін бірнеше зейнетақы қоры болғанын білесіздер. Ал бүгінде олар бір жүйеге біріктіріліп, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры болып отыр. Қорға түскен қаржы табысты компанияларға инвестициялануы керек. Сонда зейнетақы қоры халыққа пайда әкеліп, мемлекет мүддесіне жұмыс істейді».



Бәйкен КӨБЕЕВ, Ақмола облысы

Игі бастама

Қорғалжын ауданы үшін биылғы жыл әлеулі оқиғаларға толы жыл. Қоқиғазымен аты шыққан осы бір үзіліп түскен моншақтай көгілдір көлге бай өлкенің ажары жыл сайын артып келе жатыр. Қазір бұл 20-дан астам ұлт өкілдері мекендейді. Қорғалжынға бара қалсаңыз, қазақша сайрап жүрген неміс, орыс, украин ұлтының өкілдерін көресіз. Олардың бәрі тату-тәтті ғұмыр көшуде.

Жайқалтып егін, мыңғыртып мал өсірумен қатар өнеркәсіп саласын дамытып келе жатқан қорғалжындықтардың тұрмыс-тіршілігі көңіл қуантады. Аудан Астана қаласына жақын орналасқандықтан, соңғы он жылда инвесторлар да көптеп келе бастаған. Мемлекет тарапынан беріліп жатқан «Құлан», «Алтын асық», «Сыбаға» тәрізді бағдарламалардың игілігін көріп жүргендер де аз емес. Негізінде кең кесілген Қорғалжынның даласы мал өсіруге өте қолайлы, сулы, нұлы жер.

Әсіресе «Бизнестің жол картасы», «Атамекен» бағдарламалары бойынша 2017 жыл өте табысты өтті. Жеті бірдей жоба жүзеге асырылды. Ауданға айта қаларлықтай мөлшерде инвестиция құйылды. Сөз арасында ауданда ұлттық туристік орталықтың ашылғандығын айта кетуге болады. Туризм де экономиканың табысты саласы екендігін іспен

ҚАРЕКЕТІ МОЛ ҚОРҒАЛЖЫН



Етті мал шаруашылығында неғұрлым сапалы және тиісінше неғұрлым қымбат асыл тұқымды өнімге сұранысты ұлғайту мақсатында асыл тұқымды өнім сапасына бақылау күшейтілетін болады, республикалық палаталар мен мемлекет тарапынан селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың сапасын бағалау тетіктері жетілдірілетін болады. Сондай-ақ материалдық-техникалық базасы бар және селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуді тиісінше жүзеге асыратын асыл тұқымдық репродукторлар өнімінің сапасын арттыру есебінен асыл тұқымды жануарларды сатып алу ынталандырылатын болады.

(Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы)

дәлелдеуге көшкеннен сон Қорғалжынға ат ізін салатын туристердің қатары да көбейіп келеді. Ең алдымен оларға жайлы жағдай туғызу керек екендігі белгілі. Осы орайда, туризмді түбегейлі дамыту мақсатында Балтабекөвтер кешені ашылғанын айта кету керек. Бұл өзі аудан үшін, жалғыз аудан ғана емес, келімді-кетімді саяхатшылар үшін тың жаңалық болды. Кешеннің құны 35 миллион теңге. Негізгі мақсаты — ауданға туристерді тартып және

Қыстың қамы

Қыркүйек басталмай жатып, қоңыр күздің салқын лебі анық сезілуде. «Қыс – қыр астында» демекші, оған дайындық жұмыстары ерте көктемде басталған. Дайындықтың қазіргі барысы туралы тілшіміз облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Тимур Хамзинге жолығып, әңгімелескен еді.

— Тимур Ғабдулхайұлы, халық арасында ерте қамданған ұтады деген сөз бар. Осы орайда, алдағы жылу беру маусымына жүргізіліп жатқан дайындық жұмысының барысы жөнінде айтып берсеңіз?

— Жылу маусымына дайындық жұмысы жоспарлы түрде жүргізілуде. Жалпы, нысандардың дайындығы 90 пайызды құрайды. Жөндеу жұмысына қарастырылған қаржы толық көлемде игерілуде. Облыс бойынша 663 бу қазандығының 85 пайызы қазір дайын. Сондай-ақ білім, денсаулық сақтау нысандары мен тұрғын үйлер де жылу беру маусымына дайындалуда. 75,1 шақырым жылу жүйесінің 91 пайызы, 41,1 шақырым сумен қамтамасыз ету жүйесінің 68 пайызы жөнделді. 127 мың тонна көмір дайындалды. Бюджеттік саланың кәсіпорындарында отынмен қамтамасыз етушілердің конкурсы өткізіліп, көмір тасымалдануда.

— Көкшетау қаласындағы «Көкшетау жылу» кәсіпорнындағы жөндеу жұмысының жай-жапсары жөнінде айтып кетсеңіз?

— Бұл кәсіпорындағы жөндеу жұмысы кестеге сәйкес жүргізіліп, барлық жұмыстың 66 пайызы орындалды. Кәсіпорынның жөндеу жұмысын жүргізуге облыстық бюджеттен 1,3 миллиард тенге бөлінді. Сондай-ақ көмір сатып алуға 321,4 миллион тенге, мазут алуға 108,8 миллион тенге



ЖҰМЫС
КЕСТЕГЕ САЙ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

қарастырылды. Жылу жүйесінің құбырлары жылу және гидравликалық сынақтан өткізілді. 1,27 шақырым жылу жүйесі жөнделді. Бұл жұмыс одан әрі жалғасуда. РК-1, РК-2 бу қазандығының негізгі және қосалқы қондырғылары жөнделуде. Ғимарат пен нысандар, жылу камерасы мен су сорғыш стансаларының технологиялық және электр қондырғылары да қалпына келтірілуде.

— Степногорск жылу электр орталығындағы жөндеу жұмысының жайы қалай?

саласына 123441 тонна көмір, 535 тонна мазут қажет. Көмірге 1,01 миллиард тенге, мазутқа 98,9 миллион тенге бөлінді. Келісімшарт жасалып, отын тасымалдау жұмысы кестеге сәйкес жүргізілуде. Білім ұйымдарында қазандық пен жылу, электр, су құбыры жүйесін жөндеу, қазандық ауыстыру, жылу энергиясын есептейтін аспап орнату жұмысы жүргізілуде. Целиноград, Бұланды,



теңге деңгейінде. Облыс орталығы үшін 10-12 мың тонна теңгелен. Көмірдің бағасы оған деген сұраныстың нәтижесінде құралады. Мәселен, Шұбаркөл көмірінің бір тоннасы 14,8 мың теңгелен 17 мың теңгеге дейін, Майтөбе көмірі 12-15 мың теңге, Қаражар көмірі 13-14 мың теңгеге бағаланған. Бүгінгі таңда

бағасы 7-130 мың теңге аралығында. Сондай-ақ баға бу қазандығының қуатына байланысты болып отыр.

— Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Бәйкен КӨБЕЕВ

Жаңа жоба

Жерұйық Жетісуда ауылды жерлердегі дренаж суын жинап, оны экономикалық тұрғыда тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін 950 мың еуро қаржы жұмсалған алғашқы пилоттық жоба жүзеге асты. Жобаны Еуропа одағының қаржыландыруымен Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасы және ауыл шаруашылығы министрлігінің су ресурстары комитеті бірлесіп жүзеге асырды.

Іле Алатауының бөктеріндегі Енбекшіқазақ ауданына қарасты Ақши ауылы сазды жерге орналасқан. Сондықтан көктем, жаз айларында жер асты суы көтеріліп, тұрғындарды жиі мазалайтын. Енді ақшилықтар бұл қиыншылықтан құтылып қана қоймай, сарқынды суларды тиімді пайдаланып, экономикалық табыс табуын тәсілін менгерді.

Енбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов «Ең бастысы, «Аймақтағы су инфрақұрылымын тиімді басқару» пилоттық жобасы ауылдағы білім беру мекемесіндегі балаларды таза ауыз су және ыстық сумен қамтамасыз етіп, жылдар бойы шешілмей келе жатқан мәселенің түйінін тарқатты», — дейді.

Бүгінде Ақши ауылдық мектебі жаңа түрге енген. Мектеп ауласындағы бұл өңірден кездесе бермейтін ағаш пен гүл жайқала өсіп, жаңға жылу сыйлайды. Мектеп ғимаратына жапсарласа орнатылған су жинағыш



ТАМШЫ СУ
ЗАЯ КЕТПЕЙДІ

сарқынды суларды жинап, су тазалағыш қондырғы арқылы тазартып, мектеп оқушыларын таза ауыз сумен қамтамасыз етсе, күн энергиясынан қуат алатын су жылытатын гели қондырғысы сыныптар мен мектеп асханасын жыл он екі ай ыстық сумен қамтамасыз ете алады. Жиналған сарқынды су тағы да биологиялық тазартудан өтіп, өңделген соң ауыл сыртындағы жылыжай кешеніне жіберіліп, ондағы көкөністерді суғаруға пайдаланылады.

БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Норимаса Шимомура «Су инфрақұрылымын реконструкциялауға салынған бюджет қаржысының тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ондағы жауапкершілік пен оның ары қарай қаржыландырылуы жергілікті қауымдастықты тарту арқылы қамтамасыз етіледі», — дейді.

Қазіргі таңда жер асты сулары мен іркінді суларды тазартып, оны күнделікті тіршілік пен ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалану қауырт қолға алына бастады. Ақши ауылында жүзеге асқан пилоттық жоба ең алдымен өңірдегі сарқынды суларды тазартып, игілікке жаратуға болатындығын ұғындырды.

Демек, сондағы жер асты сулары мен сарқынды көлшіктер тиімді түрде керекке жаратылса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл мәселе де өз кезегінде шешімін табатын сияқты. Жобаны қаржыландырған Еуропа одағының өкілдері бірлесе жұмыс жүргізудің алдағы уақытта да жалғасатынына сенімді.

Еуропалық одақтың Қазақстандағы өкілдігінің ынтымақтастық бөлімінің басшысы Йоханес Стенбаек Мадсен «Біз Қазақстанды келешек дамудағы өте маңызды стратегиялық әріптесіміз деп санаймыз. Мұндағы елді мекендерінде жұмыс істеу біздің болашағымызда шешуші рөл атқарады. Алдағы уақытта аймақтармен, оның ішінде Алматы облысымен түрлі даму банкттері арқылы жаңа форматта жұмыс істеуге шешім қабылдадық. Өйткені осы жоба екі тараптың ынтымақтасып, нәтижелі жұмыс істей алатындығын дәлелдеді. Осы орайда, бізді қолдап, көмек көрсеткен облыс, аудан басшылары, жергілікті қауымдастықтарға алғыс айтқым келеді. Сондай-ақ Еуропалық одақтың қаржыландыруымен жүзеге асқан бұл жоба жасыл экономика саласындағы қазақстандық тәжірибенің табысты үлгісі. Бұл үлгі басқа

өңірлердің де қызығушылығын тудыратыны сөзсіз», — дейді.

Жоба аймақтарда су ресурстарын тиімді пайдалану мен су инфрақұрылымын оңтайлы басқару саласында заманауи жасыл технологияларды іске асырудың өміршендігін көрсетті. Бұл жетістікті еліміздің аграрлы-индустриалды дамуы мақсатында нақты пайдалануға болады. Шара аясында қонақтар мектеп ауласындағы «Жасыл технологиялар» паркі мен ауыл іргесіндегі жылыжайларды аралап, үш жыл бойы атқарылған тынымсыз еңбектің ауыл тұрғындарының алдағы уақыттағы тіршілігіне тыныс әкелгендігін көрді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Инфрақұрылым

Биыл мұнайлы өлке орталығына қарасты елді мекендерде 146 көшенің 106,9 шақырымына асфальт төсеу жұмыстары аяқталады. Қазіргі таңда мердігер мекемелер тарапынан Жұлдыз - 1, 2, Көкарна, Дамбы, Бірлік, Геолог, Талғайраң және Мұнайшы ауылдарындағы 110 көшеге 78,1 шақырым жол салынған болса, Жұлдыз - 3 пен Көкарна ауылдарының жалпы ұзындығы 28,8 шақырым болатын 36 көшесінде жұмыстар жалғасуда.

ЖОЛДАР
ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ



Атырау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі басшысының орынбасары Әдурд Айжарықұлының

Индер автокөлік жолының 20 шақырымын қайта жаңғырту үшін жоба-сметалық құжаттар жасақталуда. Ә.Айжарықұлы «Оған қоса, 207 шақырым болатын 205 көшеге жаяу


«Бағдарлама халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, адамдардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымды – энергия және жылу көздерін, газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға, өңірлердің экономикалық әлеуетін дамыту сипатындағы шараларды айқындайды»

(Өңірлерді дамыудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы)

айтуынша, Баймұханов, Тайманов, Владимирский көшелері қайта жаңғыртылып, Атырау қаласы, Жанаталап, Ақжар, Еркінқала, Ақжайық, Жұмыскер елді мекендеріндегі 27 көшеде 15,4 шақырым жол орташа жөндеуден өткізілуде. Сонымен бірге Мәденов, С.Датов, Құрманғазы, Бейбарыс, Ғабдиев, Азаттық, Амандосов, Ғұмаров, Әуезов, Ұәлиханов, Гагарин көшелері мен Атырау-

жүргіншілер мен 71,2 шақырым 141 көшеге автокөлік жолдарын салуға да құжаттар дайындалуда», — дейді. Қазіргі таңда Атырау қаласы мен қала аумағына қарасты елді мекендерге 250 жол белгісі орнатылған. Ә.Айжарықұлы «Автокөлік жолына сырмен (54 700 шаршы метр) және термостактипен (12000 шаршы метр) таңба салу жоспарланып, жұмыстар жүріп жатыр. Мектеп, балабақша және автокөлік жолдарының қауіпті учаскелеріне 500 қума метр жасанды жол кедергісін орнату жоспарланса, бүгінде соның жартысы орындалып үлгерді. Тағы бір жағымды жаңалық, Атырау қаласындағы 11 көше қиылысына бағдаршам орнатылады. Қазір қажетті құжаттары рәсімделуде», — дейді.

Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау облысы



Алаш тарихы

(Соңы. Басы газеттің өткен санында)

Семей уезінің жандармериясы тұрақты аңдауда болған Ахмет Байтұрсыновты 1909 жылы 1 шілдеде «сепаратистік үгіт-насихат жүргізді» деп тағы түрмеге қамаған. Жұбайы Бәдрисафа Дала губернаторынан көмек көре алмағасын, Ресей Думасының депутаттарына А.Байтұрсыновтың хал-жағдайын айтып арыз жазған. Ресей Думасының депутаты Бәдрисафа Мұхамедсалық қызының арызына назар аударып, ішкі істер министріне осы істі «қысқарту» туралы ұсыныс жасайды. 1910 жылы Семей уездік соты Байтұрсыновтың ісін қарап, оны 16 жылға жер аудару туралы үкім шығарған.

«Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған, Айдай бер, қалса адамның қуылмаған...» деген жыр жолдары жаны қиналған адамның сөзі ғой.

Ахмет Байтұрсынов айдауда болатын жері ретінде Орынбор қаласын тандады. Ахан 1917 жылғы төңкеріске дейін осы Орынборда тұрды.

«Қарқаралы» ісін тергеушілер тергеуді бес жылға созған. Соңында 1910 жылы «осы іске қатысы бар» деп тауып, Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовты да түрмеге жапқан. Олар бір жылдай түрмеде отырып шыққан. М.Дулатов одан шыққан соң, жандармериядан таса да болу үшін Түркістанға кетті. Дос тапты сол жерден. 1913 жылы М.Дулатов Орынборға кетерде сол достары біраз ақша жинап берген. Сол ақшамен Міржақып Дулатов бірден А.Байтұрсыновқа келеді. Өйткені, екеуінің де арманы қазақша газет шығару еді. Міржақыптың қаржысына Қазан медресесінде оқып жүрген оқушылар ақша қосады. Сөйтіп, Ахан мен Міржақып шағын типография сатып алады. Ахан Қазан қаласында өзі араб әліпбиі негізінде жасаған Әліпбиіндегі 28 әріптің ұясын Қазанда темірден құйдырады. Газет шығатын қағаз сатып алады, типография тұратын үй жалдайды. Сөйтіп, біраз

Байтұрсыновтың соңғы рет түрмеде отыруы еді.

Өз ғұмырындағы ең үлкен зорлық, ең үлкен қорлық біраз жылдан кейін Кеңес үкіметі тұсында болатынын Ахан ол кезде сезбеді. 1913 жылдан 1929 жылға дейінгі аралықта А.Байтұрсынов елі үшін, қазақтың келешектегі мемлекеттігі үшін атқарған қызметтері ұлан-

А.Байтұрсыновтың төрт ай ішінде жарыссөздерде айтқан мәселелерімен келісіп, Қырғыз автономиясын құру туралы шешім шығарады. Сол Казак автономиясын құру комиссиясының мүшесі болып тағайындалған А.Байтұрсынов Казак автономиясының шекарасын, республикалық статусының



ЖҮЗ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ҚУҒЫН

(немесе ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың отбасы мен өзінің қиын-қыстауда өткен тағдыры туралы тарихи хикая)

ғайыр. Қазақ әліпбиін, бірнеше оқу құралдарын, методикалық оқулықтар мен қазақ терминологиясын қалыптастырды. «Қазақ» газетіндегі мақалалардың көбін осы Ахан мен Жахаң (М.Дулатов) жазған. Газетке келген мақалаларды түзетіп, өңдеп қайта жазып шығудың өзі қанша жұмыс? А.Байтұрсынов не істесе де, ұлтының келешегі үшін істеді. 1923 жылы Аханның мерейтойында үкімет мүшесі Сөкен Сейфуллиннің

жобаларын жазумен айналысады. Соның негізінде, 1920 жылы А.Байтұрсынов көрсеткен территориялар негізінде Қазақ (Қырғыз) автономиясының құрылғаны туралы Жарлыққа Ленин қол қояды.

А.Байтұрсынов сонымен бірге осы уақытта Алаш қайраткерлеріне кешірім жасау туралы кеңес билігіне өтініш жазып, ол қабыл болып, Алаш қайраткерлері қысқа уақытқа болса да, Кеңес үкіметінің түрлі салаларында қызмет істеуге мүмкіндік алады.

Кеңес өкіметі тұсындағы қуғын патшалық империя кезіндегі қуғыннан асып түсіп, қанды қырғынға жалғаста. Голошөкин Қазақстандағы үкімет басына келгеннен кейін нағыз аласапыран басталды. Байлар деп аталғандардың мал мүлкі тәркіленіп, өздері отбасымен жер аударылды. Сосын Алаш қайраткерлерін түрмеге жаба бастады. М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов 1929 жылы тұтқындалып, түрмеге жабылды. Ахмет Байтұрсынов Бутырка түрмесінде үш жыл отырып, содан соң Архангелге ұзақ жылға қаторғағ айланды.

А.Байтұрсынов тұтқындалғанда, оның туыстарында қуғында басталған еді. Аханның інісі Мәшен қажыны да НКВД тұтқындап, одан соң, тіпті хабарсыз жоғалып кеткен. Содан көп ұзамай, Аханның ағасы Кәкіштің Аумат пен Қазихан деген екі баласын аудан милициясы мен ауыл белсенділері Аккөлдін жағасында қуып жүріп, сабап, қорлап өлтірген.

Ахан ұсталғаннан кейін Алматыда қалған жары Бәдрисафа Мұхамедсалыққызы жазушы Горькийдің әйелі Пешковаға хат жазып, «А.Байтұрсыновқа көмектесуін» өтінген. Сол кезде «Красный крест» деген мекемеде қызмет істеп жүрген Пешкова

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

А.Байтұрсыновқа ара түскен. Содан кейін ғана А.Байтұрсынов 1934 жылы Архангелден Алматыға келген. Бірақ еш мекеме Аханды қызметке қабылдамаған. Тек бір орыс дәрігерінің қамқорлығына ілігіп, санитар болып жұмыс істеген.

Аханның тәрбиесінде болып, қолында тұрған өзінің «Ахан туралы ақиқат» атты кітапшасында «Сабақтан үйге келсем, Аханды НКВД-нің адамдары келіп, алып кетіпті» деп жазады. Яғни А.Байтұрсыновты НКВД 1937 жылы күзде тұтқындаған. Бір апта өтпей, Аханның қарындасы Кәтездін күйеуі Рүстемді де (Әбдіғарпар ханның баласы) тұтқындаған. Оның үйінен Аханның «Мәдениет тарихы» деген кітабын тауып, тергеуші алып кетіпті. Рүстемді сосын «Мемлекетке қауіпті адамның кітабын жасырған» деп айып тағып, оны да ату жазасына кесіпті.

Ахан үшін бұл жолы (1937 жылы) Қали деген ағасының баласы Әмірді НКВД түрмеге тоғытып, оны да атып жіберіпті.

Ал Аханның ауру халдегі жұбайы Бәдрисафаны асырап алған қызы Шолпанмен Том қаласына айдап жіберген. Содан Бәдрисафа Мұхамедсалыққызы 1941 жылы оралып, Костанайдағы Әмірдің баласы Назардың үйін іздеп тауып алады. Олардың көрген күні нашар екен, содан Бәдрисафа Костанай жанындағы Қарттар үйінен пана тауып, сол жерде көп ұзамай өмірден өтеді.

Ал Ақтастың баласы Шәймерден Костанай жақтағы орыстардың арасына кіріп кетіп, содан НКВД-нің қуғынынан аман қалған. Бар ғұмырын ұлтының мұратына сарп еткен мемлекет қайраткері, бірнеше ғылымның негізін қалаған ғалым, акын, публицист Ахмет Байтұрсынов 1937 жылы НКВД-нің үштігінің шешімімен қараша айында атылып кетті. Сөйтіп, А.Байтұрсынов тура 66 жасында қанды қолдылардың оғынан өмірі қиылды. Патша уезін ұрғаны үшін ұзақ жыл қаторғада болған әкесі Байтұрсындa елге келгеннен кейін, 66 жасында өмірден баз кешіп еді.

Әңгімемізді Шошақ балалары — Ақтас, Байтұрсын, Сабақтақтың үезді ұрып ұзақ жылға қаторғаға айдалғанынан бастап едім. Қазақтың батыр тұлғаларының бұл ісі орыс отаршылдығына қарсы көрсеткен қайраты еді. Солай бола тұрса да, кейін патшалық империя құлағаннан кейін, бұл ер-азаматтарды ақтау туралы сөз қозғалмады. Кеңес билігі тұсында да солай болды. Солай болса да, біз А.Байтұрсыновтың ағалары, әкесі отаршыл, әділетсіз қоғамға қарсы айбат танытқаны үшін ғана айыпталғандарын, айдауда болғандарын іштей сеземіз.

Кеңес идеологиясы алаш қайраткерлерін, оның ішінде Ахмет Байтұрсынов тәрзді ұлы

қайраткерді тұқымымен құртып жіберуді ойластырған еді. 1937 жылы НКВД Ахмет Байтұрсыновтан басқа, төрт туысын атып, ұрып өлтірген, екеуін Том қаласына жер айдаған.

Бірақ осы аталған кісілер, НКВД-нің кінәсінен қаза тапса да ақталмады. Тек 1988 жылы осы кісілердің ішінен одақ бойынша ақталғаны — Ахмет Байтұрсынов.

1988 жылға дейін Ахмет Байтұрсыновтың атын атау қылмыс болып саналды. Сонда, әділдікті талап еткені үшін сотталып кеткен 1885 жылды қосып санағанда, Шошақ балалары 103 жыл жазықсыз «айыпты» болып келген екен. Сексенінші жылға дейін «А.Байтұрсыновтың сөзін, өлеңін, әнін айтқаны» үшін сотталып, қызметінен қуылған адамдар болды. А.Байтұрсыновтың қандай деңгейде қуғында болғанын содан біле беріңіз.

Жұмат Әнесұлы, жазушы, тарихшы Әбеке, алаш көсемсөзінің алдында А.Байтұрсынов пен «Қазақ» газеті тұр. Ахан «Қырық мысалы» мен «Массын», «Әліпбиі» мен «Оқу құралдарын» жазғанда алдымен жұртының көзін ашсам, оятсам, Ел қылсам» деген мақсатта жазған және Қазақтың мемлекет болуына үлкен үлес қосқан тұлға. М.Әуезов жылы сондықтан да «басқа оқыған мансап қуып жүргенде, қазақ жұртының қамын жеген жалғыз адам А.Байтұрсынов еді» деген. Мен А.Байтұрсынов туралы жылдан бері жазып келем. «Ұлылықтың үлгісі болған Ахан», «Ұлттың ғұмырын арнаған ұлы тұлға» атты мақалаларым республикалық газеттерде басылып, «Мақтанышы елімнің».

«Ұлттың ғұмырын арнаған ұлы тұлға» атты кітаптарыма енген. Өткен жылдың аяғында Алаш орданың жүз жылдығына орай жазған «Алаш туын көтергендер» атты кітабым «Үш қиян» баспасынан шыққан. Онда Алаш тарихы толық баян етілген. Сондай-ақ «А.Байтұрсыновтың туыстары тарих куәгерлері», «Ағайынды Бірімжановтар Алаш қайраткерлері», М.Дулатов туралы «Қуғынмен басталып, азаппен аяқталған ғұмыр» атты көлемді мақалам, «Нәзіпа Құлжанова алғашқы журналист қызы» атты мақалаларым бірнеше газеттерде, қазақ порталдарында жарияланып, мыңдаған оқырмандар оқыды.

Менің бұл мақалаларым жаңа көзқараста ғылыми деңгейде жазылған дүниелер. Оны ешкім жокқа шығара алмайды. Еңдеше, кітаптарда басылған, үлкен газеттерде шыққан А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқа Алаш қайраткерлері туралы жазған мақалаларымды кез келген біреу тарихтан алып тастай ала ма? Олар газеттердің тіпіндісінде, кітаптарда басылған, көптеген оқырмандарға таныс мақалалар ғой!

Айтайын дегенім, мен қазақ оқырмандарына жақсы таныс ахметтанушымын, А.Байтұрсынов, Дулатов, Бірімжанов, Құлжанова тәрзді Алаш тұлғаларын басқаша қырынан көрсете білген журналист жазушымын! Мұны қалай туласа да, ешкім жокқа шығара алмас.

Жұмат ӘНЕСҰЛЫ

Сұхбат

Jas qazaq: Құл-Керім мырза, балалар басылымында қызмет етесіз. Сондай-ақ өзіңіз балалар әдебиетінің өкілісіз. Қазір мемлекет тарапынан балалар әдебиетіне қай деңгейде көңіл бөлініп жатыр?

Қ.Елемес: Балаларға арналған «Балдырған» журналының өзін ұстап отыру, оны жекеменшікке жібермей шығару, кететін қаржының жартысынан көбін мемлекеттің өз мойнына алуын балалар әдебиетін қолдау деп білемін. «Балдырған» ғана емес, жалпы балалар басылымы, оның ішінде «Ақ желкен», «Ұлан», «Дружный ребята» деген газет-журналдарды үзбей, уақытында шығарып отыру — бұл мемлекеттің балалар әдебиетіне жасап отырған үлкен саясаты. Мәселен, былтыр «Рух» бәйгесі жарияланды. Сол конкурста арнайы балалар тақырыбы болды. Бұл да мемлекеттің балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөліп қарап отырғандығының белгісі. Басқа да мүшәйралар жарияланып жатады. Сондықтан



БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ — БАЙЛЫҒЫМЫЗ

балаларға мұндай мемлекеттік көзқарастың болуы дұрыс шешім.

Jas qazaq: Бүгінгі балалар әдебиетіне қалам тербеп жүрген акын-жазушылардың шығармашылық деңгейі қаншалық? Аға буын қаламгерлермен салыстыра аласыз ба?

Қ.Елемес: Кезінде Мұхтар Әуезов, Сәбит Муканов, Ғабит Мүсірепов сияқты алыптар балалар әдебиетін жалпы әдебиеттің бір бұтағы санап

келген. Тіпті өздері де бұл салаға қалам тербеген. Одан кейінгі кезеңде балалар әдебиетімен айналысатын арнаулы акын-жазушылар келді өмірге. Мысалы, Бердібек Соқпақбаев, Мұзафар Әлімбаев, Жақан Ысмак, Сұлтан Қалиұлы сияқты акын-жазушылар балалар әдебиетімен өмір бойы айналысты. Өнімді қызмет етті. Әдебиеттің бұл саласымен күні бүгінге дейін айналысып келе жатқан жазушының бірі — Толымбек Әбдірайымов.

Бүгінгі балалар әдебиетінің өресі өте жоғары. Әлемдік деңгейде деп айтуға болады. Өйткені бұған қазақтың өте айтулы қаламгерлерінің барлығы буын-буынға қарамастан, қалам тербеп келді. «Балдырған» журналында жарияланып жатқан шығармалардың көркемдік деңгейімен қарағанда, қазақ әдебиетінің алдында тұр деп айтуға болады.

Jas qazaq: Бүгінгі балалар әдебиетіндегі жаңашылдыққа тоқталып кетіңізші. Тақырыптық, мазмұндық, құрылымдық жағында жаңашылдық бар ма?

Қ.Елемес: Балалар әдебиетіндегі жаңашылдыққа келетін болсақ, жаңалық көбінде алғаш қалам ұстағандарда көп кездеседі. Қалдыр Мырза Әлі, Мұзафар Әлімбаевтар балалар әдебиетінің барлық жанрын қамтып жазды. Қазір де осы заманға сай жаңылтпаш, жұлбық жазып жатқан қаламгерлер бар. Соңғы буыннан Серікбол Хасанды атар едім. Нұрбек Сейілхан деген азамат бар. Бүгінгі балалар әдебиетіне барлық жанр, барлық тақырып керек. Себебі бала деген жерді аударып, содан кейін салған егін секілді. Бүгін баланың бойына не ексен, ертең соны орасын. Балалар әдебиетіне күшік пен мысық, козы мен құлын ғана емес, тәрбиелік мәні бар тақырыптар керек. Тәрбие болмаса, болашақ бұлыңғыр деген сөз. Сондықтан бүгінгі және болашақтағы балалар әдебиетіне ұрпақты да, ұлтты да тәрбиелейтін тәлімді әдебиет керек.

Ал балалардың шығармашылығына тоқталсақ, оларда барлық тақырып бар. Әсіресе, отан, тіл, ана, ұстаз, мектеп тақырыптары басым. Шығармашылық қуаттарына да көңіл толарыптай. Мәселен, мына бірнеше балдырғанның өлеңін оқып көріңіздер.

Ботакөз ҚАЛЫҚБАЙ

Жас қалам

Жасай берсін алаш елі — айбыным,
Көк байрағым мәңгі тұрсын желбірен!

ОТАН

Отаныммен мақтанамын
елжіреп,
Өсемін мен перзенті боп ержүрек.

Еңлік ЖАНДАРБЕК,

№45 Б.Момышұлы атындағы қазақ классикалық гимназиясының 2-сынып оқушысы,
Тараз қаласы

АНА ТІЛІМ

Білмнің берген тереңін,
Кітапты жақсы көремін.
Анамның тілім — өз тілім,
Тіліме көңіл бөлемін.

Шахризат СЕЙТЖАНОВА,

№10 орта мектептің 3 «Г» сынып оқушысы,
Ақтөбе қаласы

МЕН АНАМДЫ СЫЙЛАЙМЫН

Мен анамды расында
Құрметтеймін, сыйлаймын.
Ол жоқ болса қасымда
Үйге, қызық, сыймаймын.

Алтан СЫЗДЫКОВ,

№85 орта мектептің 3 «В» сынып оқушысы, Қарағанды қаласы

АПАЙЫМЫЗ АҚЫЛДЫ

Апайымыз ақылды,
Бізді оқуға шақырды.
Дәлелі оның әр істе,
Ұқыпты әрі рақымды.

Құралай КҮНТУҒАНОВА,

Қарабұтақ орта мектебінің
3-сынып оқушысы,
Қарабұтақ ауылы,
Ақтөбе облысы

МҰҒАЛИМ

Жанымды менің жайнатып,
Баураған өзін, мұғалім.
Өзімен бірге таң атып,
Өзімен күліп шығар күн.
Өзіңе берген, мұғалім,



Сөзімде берік тұрамын!
Қиянға төзіп шыдаймын,
Қиянға талай шығамын.

Ернұр НҰРМАШ,

Амангелді атындағы орта мектептің
4 «Б» сынып оқушысы,
Көкбастау ауылы, Жамбыл облысы



SPORT

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ



Қыркүйек айы түркі дүниесі үшін дүбірлі тоймен басталды. Айырқалпақты ағайын биыл дүниежүзілік көшпенділер ойынын қатарынан үшінші рет өткізіп жатыр.

Дүбірлі доданың ашылу салтанаты Шолпан Ата каласындағы орталық ипподромда өткізіліп, тарихи қойылыммен басталды. «Өмір ағашы» деп аталатын қойылымда өнерпаздар адамзаттың пайда болуынан Көк бөрілердің ұрпағы саналатын түркілер дәуіріне дейінгі кезеңді бимен бейнелеп шықты. Көшпенділердің тасқа таңба қашап салғаны, темірді терілей ілеп, одан қылыш соққаны сахналанды. Ұйымдастырушылардың семсерді тандап алуы тегін емес. Түркілер, көшпенді халық үшін қылыштың маңызы зор. Өйткені бес қарудың осы түрін тұңғыш рет жасаған ұлы даланы мекендеген түркілер болатын.

Сондай-ақ Ұмай ана бейнесі,



аударыспақ, қыз қуу секілді көшпенділерге тән ұлттық ойындар көрсетілді. Ашылу салтанатының сценарийінде «Манас» жыры мен көшпенділер идеясын ұлы жазушы Шыңғыс Айтматовтың туындыларымен байланыстырғаны байқалады. Бұдан бөлек, көрермендер лазерлік шоулы тамашалады. Ең соңында сайысқа қатысушылар сап түзеп сахнаға шықты. Екі сағатқа созылған театрландырылған көріністе көшпенділердің өмір тарихы, салт-дәстүрі кеңінен көрсетілді.

III дүниежүзілік көшпенділер ойындарын арнайы шақыртумен барған Қазақстан Президенті де тамашалады. Түбі бір түркілердің көшпенділер ойынына Түркия президенті Режеп Тайып Ердуан, Әзірбайжан елінің басшысы Илхам Әлиев және Өзбекстан президенті Шавхат Мирзиёев, Татарстан президенті Рустам Минниханов қатысты. Өз тамырын түркіден тарататын Мажарстан елінің премьер-министрі Виктор Орбан да қойылымның құрметті қонағы болды.

Қырғыз Республикасының президенті Сауранбай Жиенбеков III дүниежүзілік көшпенділер ойынын ашық деп жариялап, эстафетаны Түркия мемлекетіне ұсынғандығын айтты. 2020 жылы бұл дәстүрді түріктер жалғастырады.

Бұл күндері Ыстықкөл жағасына ағылған туристер қатары қалың. Осымен үшінші рет ұйымдастырылып жатқан дола — қырғыз жерінде қолға алынған ең ауқымды спорт шарасы. Мәселен, алғаш рет бұл ойынға 600-ге жуық адам қатысса, осыдан 2 жыл бұрын сайыскерлердің саны мыңнан асқан. Ал биыл олардың саны 2 мыңнан асып отыр. Ойындардың басым бөлігі қырғыздың Қыршын шаткалында өтуде.

Бұл жолғы дүбірлі дола 2-8 қыркүйек аралығына жоспарланған. Түбі бір түркі бауырлар мен әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған делегацияның бөрі осында. Қырғыздар да ұйымдастыру жағынан әбден төселіп алыпты. Жаһанның 82 елінен келген 2 мыңнан аса спортшының барлығына жағдай жасалған, еріктілер әрдайым көмекке әзір. Айтуды медиа алыптарының бөрі осында. 52 елдің БАҚ өкілдерінің барлығы Қырғыз еліне бас қосты.

Алғашқы күні еліміздің спортшылары 19 медаль алып көш бастады. Қол күрес сайысына қатысқан саңлақтардың барлығы алтыннан алқа басты. Атап өтейік, Қазақстаннан 25 этносспорт түрінен 134 қатысушы бақ сынап жатыр.


Атышулы ойындардың жалғасы қырғыздың кең жайлауы Қыршын жотасында жалғасын тапты. 10 мыңнан

аса киіз үй алыстан қарағанда отар-отар қойды елестеді. Бұл үйлердің барлығын Қырғызстанның әр облысы және шет мемлекеттер арнайы тіккен.

Алтыбақан, қыз қуу, тенге ілу, жамбы ату, күрес, аударыспақ секілді секілді ұлттық ойындарымыздың барлығы осында. Ат құлағында ойнаған көшпенділердің өнеріне жер-жаһан тәнті болды. «Манас» жырын сағаттап жырлаған

басты қарсыласымыз десек те болады. Себебі үнемі қазақ пен қырғыз елінің сайыскерлері актық мәреге дейін жетеді», — деді. Осының өзі ауылы аралас, қойы қоралас қазақ пен қырғыз халқының дала ойындарына келгенде, терезесі тең түсетінін көрсетсе керек-ті. Биылғы көшпенділер ойындарының өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, бұл жолғы ойындарда үш бағыт қамтылып отыр. Біріншісі — ұлттық спорттың түрлері бойынша жарыстар. Екіншісі — мәдени іс-шаралар, үшіншісі — ғылыми форум. Мәдени іс-шаралардың аясында «Көшпенділер әлемі» атты этнографиялық фестиваль өтеді. Мұнда 20-дан астам мемлекет өз елдерінің фольклорын, ұлттық биін, киімдерін сахнаға алып шығады. Айттыскер ақындардың халықаралық айтысы өтеді. Қыршын жайлауында экологиялық тақырыпқа арналған фильмдердің «Мөңгі» («Мұздық») форумы ұйымдастырылады.

Үшіншісі — Алтайтану форумы. «Алтай текті әлемнің халықтық ойындары, оларға байланысты салт-



III дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қалың қонағы болды.

Осы арада айта кетейік, Қыршын жайлауында ұйымдастырылған өткен жылдардағы Көшпенділер ойындарында түркі халықтарының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының көрмелері және театрландырылған қойылымдары, мәселен, «Бесікке салу», «Шаш өру рәсімі», «Ерулік», «Кііз үй тігу», «Құла түсу», «Қыз ұзату», «Келін түсіру», «Ала киізге хан көтеру» сияқты дала дәстүрі ұйымдастырылған. Биыл да көшпенділердің тұрмысын бейнелеген осы сияқты іс-шараларды өткізу белгіленіпті. Солардың бірі — бес күнге

Түркінің бір дудасы

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ:

Қазақ құрамасының еншісінде —

**9 АЛТЫН,
9 КҮМІС,
14 ҚОЛА МЕДАЛЬ**

05.09.2018


жыршылар да шетелдіктерге тансық болды ма, барлығы еріксіз бас шайқады.

Сондай-ақ Қыршын жайлауында «Бүркіт салу» спорты бойынша жарыстар да мәресіне жетті. Жерлесіміз бүркітші Серікбек Құнтуғанұлы қола күмісті башқұрт бүркітшісі еншіледі.

Түркімен гураш (белбеу күресте) біздің екі спортшы Әділет Шалғынбекұлы (62 кг) және абсолютті салмақта Амандық Абылай қола медаль алды.

Көкпар десе, дөбесі қозбайтын қазақ пен қырғыз кем де кем. Бір-біріне бұрыннан лайық қарсыластар актық сында кездесуі әбден мүмкін. Себебі қос құрама да бұл уақытқа дейінгі қарсыластарын ойсырата жеңіп келеді.

«Дүниежүзілік көшпенділер ойыны» жобасының жетекшісі Асхат Акибаев бізге берген сұхбатында «Қазақстандық спортшылар — біздің ойынға қатысатын ең мықты командалардың бірі. Бізбен бәсекеге түсетін



созылатын «Әлем көшпенділерінің асханасы» фестивалі. Оған Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Монғолия, Ресей, Румыния, Сауд Арабиясы, Түркия, Өзбекстан, Оңтүстік Корея сияқты 10 елдің әрқайсысынан 3-тен аспаз қатысады. Жарыста сол елдердің көшпенді дәуіріндегі ас-тағамдары әзірленеді.

«Атамыз Манас, суымыз Талас» деп ұрандаған айырқалпақты ағайын көшпенділер ойынын үлкен жауапкершілікпен атқарып жатыр. Бар-жоғы үшінші рет өткізіліп жатқан дүбірлі долаға әлем халқы көз тігуде. Бұған дәлел көкпардан арнайы құрама жасақтап келген АҚШ-ты атап өтуге болады. Олимпиада ойындары секілді көшпенділер ойындары да әлемдік статусын алуына аз уақыт қалғандай. Өйткені жаһандық жарысқа қазірдің өзінде

80-нен астам елдің 3000-ға жуық спортшысы қатысуда. Олар 37 спорт түрінен бақ сынайды. Дүбірлі долада біздің елдің намысын 134 спортшы қорғайды. Жарыстың жалпы жүлде қоры — 26 млн сом. Бұл — шамамен 130 млн теңге.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары халықаралық қоғамдастық назарынан тыс қалған жоқ. Іс-шараны БҰҰ жоғары бағаласа, ЮНЕСКО тарапы қолдау көрсетіп отыр. Жоба авторы А.Ақыбаев Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Орталық Азиядағы қарым-қатынасты одан әрі кеңейте түсету, түркі тілдес халықтардың ынтымақтастығын нығайтуға, әлемге көшпенділер мәдениеті мен салт-дәстүрін танытуға ерекше серпін беретініне сенімді.

Әбдіманап КЕНЕС, Қырғызстан (Суреттерді түсірген автор)

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА —
арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС —
жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА —
терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ —
web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баиян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
**Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші
**Расима
ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігі алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2129;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы — 38 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.